

**М. ОМАРҰЛЫ, Г. НЫШАНОВА,  
Р. ӨСЕРОВА**

# **АНА ТІЛІ**

**Жалпы орта білім беретін мектептердің  
3-сыныбына арналған оқулық**

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі бекіткен*

*6-басылымы*



**ТАШКЕНТ — «O‘ZBEKISTON» — 2019**

УЎК 811.512.122(075)  
372.881.1.1(075)  
КБК 81.2(5 Каз)-2  
О-58

**Республикалық мақсатты кітап қоры  
қаржылары есебінен басылды.**

Пікір жазғандар:

**А. Нысанбаева** — Низами атындағы Ташкент Мемлекеттік педагогика университетінің «Бастауыш білім беру және спорт мәдениеті факультетінің доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты;

**А. Ғаниева** — Ташкент облысы, Қыбырай ауданындағы 9-мектептің бастауыш сынып оқытушысы;

**Б. Жолдыбекова** — Ташкент облысы Шыназ ауданындағы 12-мектептің бастауыш сынып оқытушысы.

ISBN 978-9943-01-282-0

© М, Омарұлы және басқ., 2008—2016, 2019

© «O'ZBEKISTON» БПШҮ, 2008—2016, 2019

# ГҮЛДЕНИП, КӨРКЕЙЕ БЕР, СҮЙІКТІ ӨЗБЕКСТАН!

## 1 ҚЫРКҮЙЕК — ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ



### ЕГЕМЕНДІК ШАТТЫҒЫ

1 қыркүйекте еліміз Өзбекстан Республикасы тәуелсіздік алған күнді салтанатты түрде атап өтеді. Елбасымыз Ислам Каримов отандастарымызды тәуелсіздік мерекесімен құттықтайды.

Бұл қасиетті мереке лебі бүкіл өлкемізге таралады. Ерікті Отан азаматының рухы жоғары, көңілі шексіз қуанышқа толы. Тәуелсіздік бейбітшілікті, молшылықты және азаматтардың құқықтарын қорғайды.

Тәуелсіздік берген бұл асыл игілікті қадірлейік!





## ҚАЙТАЛАУ

### ДЫБЫС ПЕН ӘРІП, СӨЗ ЖӘНЕ СӨЙЛЕМ

**1-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқып, көшіріп жазыңдар.

#### ЖҮРЕГІМНІҢ БӨЛШЕГІ

Қаның, жаның — тіліңде,	Ана тілің — ертегің,
Арың, нәрің — тіліңде,	Ана тілің — өркенің,
Ұмтыл оны білуге.	Ана тілің — ертеңің.
Тілден алып ғибрат,	Қадірле ана тіліңді,
Құлшынасың білімге.	Сонда ашасың
	гүліңді.

*(Болат Үсенбаев.)*

2. Жуан, жіңішке және аралас дауысты дыбысы бар сөздерді бөлек-бөлек көшіріңдер.

**2-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығыңдар.

Сыртта суық жаңбыр басталды. Күз күйін шерте бастапты. Ермек екі билет қидырып алды. Ұзын орындықтың бір шетіне жайғасты. Плащының қойын қалтасынан «Жұлдыз» журналын алып, оқуға кірісті.

*(Мархабат Байғұтов.)*



2. Мәтінде неше сөйлем бар?

3. Әр сөйлемде қанша сөз бар?

Дыбыстардың таңбасын әріп дейміз.

Қазақ тілінде 42 әріп бар. Олар мыналар: *а, ә, б, в, г, ғ, д, е, ё, ж, з, и, й, к, қ, л, м, н, ң, о, ө, п, р, с, т, у, ұ, ү, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, ь, ы, і, э, ю, я.*

Белгілі бір ұғымға берілген атауды сөз дейміз: сүт, нан, қара, қызыл, аспан, оң, сол, батыс, шығыс.

**3-жаттығу.** 1. Әрбір сөздің салыстырмалы қатарын көшіріп жазыңдар.

- |               |               |               |
|---------------|---------------|---------------|
| 1. Сал — сәл. | 4. Кен — кең. | 7. Жет — шет. |
| 2. Сол — сөл. | 5. Көк — кек. | 8. Бол — бөл. |
| 3. Қол — көл. | 6. Мал — мол. |               |

2. Салыстырмалы қатарды әрі қарай өздерің жалғастырыңдар.

- |           |           |           |
|-----------|-----------|-----------|
| Он — ?..  | Ұн — ?..  | Сат — ?.. |
| Бұл — ?.. | Қыз — ?.. | Тор — ?.. |

Сөздер дыбыстардан құралады.

Дыбыстар екі түрлі болады:

1. Дауысты дыбыстар: *а, ә, е, ё, и, о, ө, у, ү, ұ, ы, і, э, ю, я.*

2. Дауыссыз дыбыстар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т, ф, х, һ, ц, ч, ш, щ, й, (у).*



## ДАУЫСТЫ ДЫБЫСТАР

Айтқанда кедергіге ұшырамай шығатын дыбыстар *дауысты дыбыстар* деп аталады. Дауысты дыбыстар екіге бөлінеді:

1. Жуан дауысты дыбыстар: *а, о, ы, ұ, у.*
2. Жіңішке дауысты дыбыстар: *е, ә, ө, і, ү, и, э, (у).*

**4-жаттығу.** 1. Мәтіндегі жуан және жіңішке дауысты дыбыстарды атаңдар.

Менің ағам қалада оқиды. Сенбі күні ауылға келеді. Ол келгенде, біз қуанып қаламыз. Ағам өзі оқып жатқан жоғарғы оқу орны жайлы бізге қызықты әңгімелер айтады. Апта соңында біз ағамызды асыға күтеміз.

2. Жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек көшіріп жазыңдар.

**5-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

### ҚҰЛЫН

Құлыншақ-ау, құлыншақ  
Неге қасқа маңдайың?  
Жүгеніңді бүгін сап,  
Келші, құстай самғайын.

Байлап қойса желіге,  
Кеткім келмес қасыңнан.  
Сипайды анам мені де:  
«Құлыным!» деп басымнан.

(Көпен Әмірбеков.)



2. Жуан және жіңішке дауысты дыбысы бар сөздер қайсылар?

3. *Желіге, мені де* деген сөздерде қандай дауысты дыбыстар бар?

**6-жаттығу.** Бірыңғай жуан дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек, бірыңғай жіңішке дауысты дыбысы бар сөздерді бір бөлек жазыңдар.

Жүзімдік, қарағай, ертегі, құстар, күйші, сыйлық, киім, айлар, күндер, бәйшешек..

Үлгі: 1. Күйші, ...

2. Айлар, ...



## БУЫН

Сөздер буындардан құралады: құс-қа, қам-қор-лық, ке-рек. Құс-тар біз-дің — до-сымыз. Дауысты дыбыстың бір өзі де буын бола алады: а-на, а-ра, ә-де-мі, ә-ліп-пе, ұ-лық, і-ні-шек, ы-дыс.

Буында мағына болмайды: О-тан, а-ла-са, а-лыс, ә-сер, е-лең-деу, е-лес, ө-жет.

**7-жаттығу.** 1. Берілген мақал-мәтелдердің екінші сыңарын тауып, мағынасын ашып жазыңдар.

1. Отансыз адам — ...

2. Балалы үй — базар, ...

3. Ашу — дұшпан, ...

4. Бірлік болмай ...



5. Туған жердей...

Туған елдей...

6. Өнер алды...

2. Мақал-мәтелдердің тиісті екінші сыңарлары: *ақыл дос, жер болмас; ормансыз бұлбұл; тірлік болмайды; ел болмас; қызыл тіл, баласыз үй мазар;*

3. Дауысты дыбыстың бір өзі бір буын болып тұрған сөздерді атаңдар.

**8-жаттығу.** 1. Мына сөздерде неше буын бар?

От, о-тан, а-на-лар, жұ-мыс, жұ-мыс-шы-лар, лақ, еш-кі, а-рыс-тан, са-ңы-рау-құ-лақ, жас, жа-са, бұл-дір-шін, бей-біт-ші-лік.

2. Әр буында неше дыбыс бар?

3. Буындарды біріктіріп, көшіріп жазыңдар.

**9-жаттығу.** 1. Салыстырып оқыңдар.

от — тар  
қа  
тан  
тық

ет — тер  
ке  
тен  
ті

2. Түбірдің соңғы буынына қарай оған жалғанатын қосымша да жуан болатынын аңғардыңдар ма?

**10-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып шығыңдар. Қарамен жазылған сөздерді буынға бөліп, көшіріңдер.

КҮЗ

Сұр бұлт, түсі суық, **қаптайды** аспан.

Күз болып, **дымқыл** тұман **жерді** басқан.





Білмеймін, тойғаны ма, тоңғаны ма,  
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.

(Абай.)

2. Жуан буынды, жіңішке буынды сөздерді атаңдар.

## ТАСЫМАЛ



Жазып келе жатқан қатарға сөз сыймай қалса, ол сөз тасымалданады.

**11-жаттығу.** Төмендегі сөздерді тасымалдаңдар.

Құлыншақ, күлімсіреу, алушы, туған, ғапу, туысқан, уыстау, сусын, біреу, бірлесу, гүрілдеу.

**12-жаттығу.** Тік сызықтың екі жағындағы сөздердің бөлінген буындарын салыстырып оқыңдар.

**Дұрыс емес:**

бал-апан  
ке-птер  
көг-ершін  
қағ-аз  
сег-із

**Дұрыс:**

бала-пан  
кеп-тер  
кө-гершін  
қа-ғаз  
се-гіз

**13-жаттығу.** Түрліше буынға бөлінген сөздерді көшіріңдер.

Те-рең, о-қы-мыс-ты, ке-зең, ба-ла-қай, тар-шы-лық-та, дола-на-ның, і-ні, қарын-дас, әң-гі-ме, Құнанбай-мен, Ташкент-тің, ша-палақпен, адамдары, қабырғасы-на, ертегі-сі-нің, шалын-ба-ды.



## ДАУЫССЫЗ ДЫБЫСТАР

Кедергіге ұшырап шығатын дыбыстар дауыссыз дыбыстар деп аталады.

Дауыссыз дыбыстар мыналар: *б, в, г, ғ, д, з, ж, р, л, й, у (бау, тау), м, н, ң, п, ф, к, қ, т, с, ш, щ, ч, х, һ.*

**14-жаттығу.** 1. Жұмбақтардың шешуін табыңдар. Көп нүктенің орнына тиісті дауыссыз дыбыстарды қойып, жұмбақтарды көшіріп жазыңдар.

Сапсифанмен сақалы,  
Шыққан емес ата...ы.

(*Е...і*)

Аппақ, аппақ, ақ отау,  
Жоқ есі...і, түнді...і  
Басқаша ойлау ағат-ау,  
Таба алады кім мұны?

(*Ж...а*)

(*Ө. Қожамұратов.*)

2. Қ дыбысы *ғ* болып, к дыбысы *г* болып айтылуына мән беріңдер.

Тиісті әріптер: *ғ, г*

**15-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Полковникті погонынан біл. 2. Фарфор, фосфор артқан фрегат Босфор бұғазына тартқан. 3. Көргенімде кеше кеп, көкөніске кезек көп.



4. Қастерлі құс қоқи қаз қорығында Қорғалжын, қамқорлықпен қалайда қоқи қаздар қорғалсын.
5. Тау тағысы тап-таза тұнық суға қанады.
6. Сай-саламен сырылдаған су ақты. 7. Шалғынды шыңдап, шалғынды шап шындап.

2. Жаттығудағы әр сөйлем қай дауыссыздан бастап жазылған?

3. Әр сөйлемнің бастапқы (бірінші) әрпін көшіріп жазыңдар.

**16-жаттығу.** 1. Мына сөздерді көшіріп жазыңдар.

1. Парақ, кітап, қамыс, тон, шана, сүт.

2. Балық, вокзал, гүл, ғалым, дауыл, жапырақ, зейін.

3. Рақым, мысық, лақ, нан, ақыл.

2. Осы сөздердің бәрі қандай дыбыстардан басталған.

3. Сөздердің бастапқы дыбыстарының астын сызыңдар.

## Ұ, Ү, У ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ



**17-жаттығу.** Көп нүктенің орнына ұ, ү, у әріптерінің тиістісін қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Мазм...н, бұлб...л, мақ...л, басқ...р, с...лу, ...шып түсті, ...намды, ...қыпты, т...нық су, ыстық қ...шақ, қара қ...ман.

2. Тамырына балта шаб... . Қырғи қабақ бол... . Аузымен орақ ор... Бармағын тісте... . Мойнына су құйыл... . Күлін көкке ұшыр... . Төбе шашы тік тұр... .

## АНАГРАММА

Қ-дан бастасаң, жедел жәрдем беру,  
Ж-дан бастасаң, ынтымаққа келу.

(Қарасу—Жарасу)

**18-жаттығу.** Төмендегі сөздерді салыстырыңдар.

С [ұ] лы — с [у] лы. Қ [ұ] лық — қ [у] лық.

[Ұ] лы — [у] лы. [Ұ] ран — [у] ран.

**У** әрпі сөздердің басында, ортасында және соңында келеді. Мысалы: уәде, уәкіл, туралы, аудан, жалау, жаяу.

**19-жаттығу.** Көп нүктенің орнына у, ұ, ү әріптерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. На...рыз айы. 2. Есқабыл биікте... жерге шығып, арқасын күнге қыздырып, ма...жырап отырған. 3. Жол баста...шы адам. 4. Ақжол бала...саны күрт-күрт шайнап тұр. 5. Ш...лаған лақ-қозылардың да...сынан құлақ тұнады. 6. Мөңіреген сиыр, бақырған т...йе. 7. Қ...лақ т...нып т...р.

Алдындағы буынның жуан, жіңішкелігіне қарай у дыбысы да жуан, жіңішке болады: қалу, бару, келу, жүру.

**Ы, і** дыбыстарына аяқталған кейбір сөздерге у дыбысы қосылғанда, **ы, і** әріптері түсіп қалады. Мысалы: тоқы — тоқу, шоқы — шоқу, бекі — беку, ері — еру.

**20-жаттығу.** 1. Мына сөздерге у әрпін қосып жазыңдар.

Қасы, жасы, тасы, оқы, жекі, бекі, қоры, жоры.

Үлгі: жоры — жору

2. У дыбысының астын сызыңдар.



## **Е, Э ӘРІПТЕРІНІҢ ЕМЛЕСІ**

**21-жаттығу.** 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

1. Ел	Есалаң	Екі	Емен
2. Электр	Эшелон	Экипаж	Эмаль

2. *Е, э* әріптері сөздердің қай буынында жазылған?  
3. *Э* әрпі бар сөздердің астын сызыңдар.

**22-жаттығу.** 1. Төмендегі өлеңді көшіріп жазыңдар.

Экстрасенс — эстрадада ол  
Энергиясын жұмсар мол.

*(Ескен Елубаев.)*

2. *Э* әрпінен басталған сөздердің астын сызыңдар.

**Е** – дауысты дыбыс: ел, ең-бек, е-лу.

**Э** — дауысты дыбыс: э-ле-ва-тор, э-ки-паж.

**23-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, *э* дыбысы бар сөздерді теріп жазыңдар.

1. Эстондардың астанасы — Таллин қаласы.  
2. Араншы елді мекенінде аэроклуб бар.

3. Эстрадалық әндерді сүйіп тыңдаймыз.
4. Әскери ұшақтар аэродромда тұрады.
5. Ұшақтың экипажында небары бес-ақ адам болады екен.

**Э** – дауысты дыбыс: электр, эфир.  
**Э** әрпі орыс тілінен енген сөздерде жа-  
зылады: эстрада, эмаль, аэробус.

**24-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді қатесіз көшіріп, мағынасын біліп алыңдар.

1. Электр бағандары. 2. Экспресс — өте жүрдек пойыз. 3. Электровоз — электр қуатымен жұмыс істейтін локомотив. 4. Элеватор — астықты қабылдап алуға, тазартуға, кептіруге арналған қойма. 5. Экран — кинофильмдердің суреттерін сәулелендіріп тұратын ақ мата.

2. Э дыбысынан басталған сөздердің астын сызыңдар.

**25-жаттығу** 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

Электр ара зырлады,  
Эрнест үнін тыңдады.

2. Электр деген сөзді былайша талда:  
Э — дауысты дыбыс, жіңішке дауысты дыбыс.  
Л — үнді дауыссыз дыбыс.  
К — қатаң дауыссыз дыбыс.



**26-жаттығу.** 1. Ә, е әріптерінің тиістісін көп нүктенің орнына қойып сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. ...лімен ер ...леулі. 2. Циркте ...кстрасенсті көрдім. 3. ...лі ...рін ...лейді. 4. Үйде ...лектр пеші жанып тұр. 5. Бітік ...гін. 6. ...кскаваторшы—...кскаваторды жүргізуші адам. 7. Бүркіт к...л...ді.

2. Ә әрпінің астын сызыңдар.

## Ё ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

**27-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып шығыңдар.

1. Шахтёр көмір қазады. 2. Режиссёр театрда істейді. 3. Дирижёр оркестрді басқарады. 4. Тіс щёткасын таза сақта.

2. Ё әрпі бар сөздерді теріп жазыңдар.

щётка

режиссёр

шахтёр

**Ё** әрпі орыс тілінен енген сөздерде жазылады. **Ё**—дауысты дыбыс. **Ё** дауысты дыбысы **й** және **о** дыбыстарының бірігуінен жасалған: шахтёр, вахтёр, монтёр.

**28-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып, көшіріңдер.

Бүгін күн ерте батты. Бір кезде қатты дауыл соқты. Ауылдың тал, теректері құлай жаздады.

Біздің үйдің алдындағы электр сымы да үзілді. Түн ішінде болса да, монтер аға электр сымдарын жалғап, үйімізді жарық етті.

2. Монтер сөзінің мағынасын түсініп алыңдар.

**29-жаттығу.** 1. Сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Лифтті кім күзетеді?
2. Көмірді кім қазады?
3. Көлікті кім басқарады?
4. Электр сымдары үзілсе, оны кім түзетеді?

2. Сұрақтарға жауап болған сөздердің астын сызып, үстіне сұрағын жазыңдар.



## **В** ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

**30-жаттығу.** 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

Винт — бинт	ваза — база	ватт — бат
Вал — бал	вагон — баған	вата — бата

2. Көшіріп жазып, *в* әрпінің астын сызыңдар.

3. *Батым* деген сөз *ержүрек* деген мағына береді. Сөздіктеріңе бұл сөзді жазып қойыңдар.

**31-жаттығу.** 1. Сөздерді оқып, көшіріп жазыңдар.

Вазелин, вальс, вахтёр, велосипед, вокзал, виолончель, вольт.

2. *В* әрпінің астын сызыңдар да, үстіне сұрақтарын жазыңдар.



***В* дыбысы орыс тілінен енген сөздерде жазылады.**

**32-жаттығу.** Мәтінді оқып шығыңдар. Осы ойынның атын мәтінге қойыңдар.

Біз ойын алаңына шықтық. Алаң ортасында екі бағанға керіп қойған тор бар. Екі топқа — «Бүркіт» және «Лашын» тобына бөлініп, допты әлгі тордан асыра қолмен ұрып ойнадық. Бұл ойынның аты не?



**33-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жазыңдар.

Трам...ай, ...агон, ...елосипед, ...oleyбол, ...альс, ...итамин, ...иолончель.

2. *В* дыбысының астын сызыңдар.

3. *В* әрпінің қай дыбысқа ұқсайтынын айтыңдар.

**34-жаттығу.** 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

Звено, тосап, дәрумен, конверт, дивизия, автомат-телефон.

2. *В* әрпінің астын сызыңдар.

3. *В* дыбысы қандай дауыссыз дыбыс?

4. *В* дыбысы қай тілден енген сөздерде жазылады?

**35-жаттығу.** Әуелі төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер де, суретте көріп тұрған заттар бойынша 4 сөйлем құрап жазыңдар.



1. Аяқпен не ойнайсыңдар (ләңгі, доп)?
2. Аяқпен не жүргізесіңдер (машина, трактор)?
3. Аяқпен жүргізілетін екі дөңгелекті көліктің аты не?
4. Осы атпен «Велосипед» атты шағын шығарма жазыңдар.



## Ф ЭРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

**36-жаттығу.** 1. *Ф* дыбысы бар сөздерді көшіріп жазыңдар.

Фабрика, ферма, футбол, фарфор, футболшы, фосфор, фильм, фамилия.

2. *Ф* дыбысының сөздің қай жерінде келіп тұрғанын айтыңдар.

3. *Ф* дыбысының астын сызыңдар.

***Ф* әрпі басқа тілдерден енген сөздер мен кісі аттарында жазылады: кофе, буфет, Мұзаффар, Хафиз.**

**37-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып шығып, *ф* әрпі бар сөздерді көшіріп жазыңдар.

1. Фарида апай фабрикада істейді. 2. Фермаға барып, ағама көмектестім. 3. Ертең футбол болады. 4. Жолаққа түгелдей асфальт төселді.

2. Осы сөздердің жазылуын есте сақтаңдар.

3. *Ф* әрпінің астын сызыңдар.

**38-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Мен үшінші сыныпта оқимын. Сабақ үлгерімім жақсы. Ха...из де жақсы оқиды. Өйткені, Мұза...ар үшеуіміз уақытты дұрыс пайдаланамыз. Сабақ дайындап болған соң, ...атимамен бірге газет-журнал, әдеби кітап оқимыз. ...азылбек, доп қуа бермей, сен де кітап оқы.

2. *Ф* дыбысының астын сызыңдар.

3. Хафиз, Мұзаффар, Фатима, Фазылбек сияқты басқа тілдерден енген сөздердің қазақ тілінде қалай жазылуын есте сақтаңдар.

**39-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Егіздің сыңарының аты — ... . 2. Ол киімін ... алды. 3. Мәдинаның ... әдемі. 4. Хатты ... бер. 5. Қазақтың ақын қызы — ... .

Керекті сөздер: Зулфияға, шкафтан, Марфуға, кофтасы, Фатима.

2. Мәдина, Марфуға сөздерін тасымалдап жазыңдар.

**40-жаттығу.** 1. Адам аттарын көшіріп жазыңдар.

Фарид, Фарида, Фазыл, Әлфия, Зулфия, Феруза.

2. *Ф* дыбысы қай тілден енген сөздерде қолданылады?



## **Х ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ**

**41-жаттығу.** 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

Қан — хан	қош — хош	қал — хал
Қор — хор	қақ — хақ	қалайық — халайық

2. Көшіріп жазып, *х* әрпінің астын сызыңдар.

**42-жаттығу.** 1. Сөздерді оқып, әрбір сөзге көңіл аударыңдар.

Халық, Мұхтар, Гүлхан, Ханзада, Хамит, Ханшайым.

2. *Х* әрпі сөздің қай буындарында тұр?

***Х* дыбысы сөздің басында, ортасында және соңында жазылады: хат, хабар, Гүлхан, емхана, тарих, цех.**

**43-жаттығу.** 1. Өтірік өлеңді оқып, көшіріп жазыңдар.

Хан тәңірі тауында  
Хабарға ешкім сенбеді.  
Халы нашар шіркейді  
Хамит бүгін емдеді.

*(Оразбай Байбақов.)*

2. Хан, хабарға, халы, Хамит деген сөздердің жазылуын есте сақтаңдар.



**44-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

### АСХАТ АҒА

Асхат аға — ұшқыш. Ол әр күні Хиуа қаласына барып келеді. Бұл қалада хош иісті гүлдер көп. Оның көңіл хошы да жақсы. Өйткені оның баласы қызмет ететін әскери бөлімнен хат келді. Хатта былай деп жазылыпты: «Сіздің Хамит деген ұлыңыз әскери бөлімде хатшы болып жақсы істеп жатыр. Бірақ ол да сіздей ұшқыш болмақшы екен. Оны маған досы хабарлады.

Асхат аға, балаңыздың халі жақсы. Алдағы уақытта да хабарлас болып тұрамын».

2. X әрпі бар сөздердің астын сызыңдар.

3. X әрпі бар сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**45-жаттығу.** 1. Әріптердің тиісті емесін қалдырып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1.  $\frac{К}{Х}$  анзада ән де айтады, күй де тартады.

2.  $\frac{Ғ}{Г}$  азетке мақала, өлең жаздым.

3. Менің ағам —  $\frac{Ғ}{Г}$  алым.

4. Мұ  $\frac{К}{Х}$  ит сулары толқып жатыр.

5. Абдулла Арипов —  $\frac{К}{Х}$  алық ақыны.

2.  $X$  әрпінің астын сызып,  $x$  әрпі қатысқан сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**46-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып жазыңдар.

1. Са...наға ...алық әртісі шықты. 2. ...алық ол кісінің өнеріне ра...мет айтты. 3. Мен кітап...анаға бардым. 4. Ас...ана ішін таза сақта. 5. Біздің үйде рай...ан өседі. 6. Апам менімен біраз сұ...баттасты.

2.  $X$  әрпі сөздің қай буындарында тұр?



## h ӘРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

**47-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Илияс Оразов — қаһарман аға. Ол жиырма жасында соғыста ерлік танытты. Біз қаһарлы соғысты жек көреміз.

2. *h* әрпі бар сөздердің астын сызыңдар.
3. Заттың атын білдіретін сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**48-жаттығу.** 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

<i>h</i>	<i>X</i>
қаһарман	хал
қаһарлы	хат
еһе	халық

Гауһар

қаһарман

тарих

халық

2. *h* және *x* әріптерін шатастырмаңдар.

***h* әрпі сөздің басында және аяғында (одағайларды қоспағанда) қолданылмайды.**

- 49-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, көшіріп жазыңдар.

1. У..., шаршадым ғой! 2. Анасының ауырғанын естіп, Жұбан аға а...лады. 3. Көзіңе ажда...а көрінді ме? 4. Шыршық ша...арында тұрамын.

2. *h* әрпінің астын сызыңдар.

3. *h* әрпі сөздің қай орындарында қолданылмайды?



## Ч ЭРПИНИҢ ЕМЛЕСИ

**50-жаттығу.** Сөздерді салыстырып оқындар. Ч дыбысының айтылуын байқаңдар.

1. Чита қаласын көрдік. 2. Арамызда Чикаго қаласында чемпион болғандар бар. 3. Цехта чех еңбекшілері адал қызмет етеді. 4. Шашубай баба — ақын болған кісі. 5. Ол киімі мен тісіне щётка тигізді. 6. Челябині — қазақ тіліндегі селебе — пышақ деген сөзден шыққан ел аты.

чемпион

чех

цех

щётка

Шашубай

**Ч – қатаң дауыссыз дыбыс.**

**51-жаттығу.** Мына сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар. Ч дыбысының айтылуын байқаңдар.

Шаһар. Чемодан. Чехия. Чемпион.

**Ч әрпі басқа тілден енген сөздерде жазылады.**

**52-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, щ, ш, ч әріптері бар сөздердің астын сызыңдар.

1. Қара щёткамен аяқ киім тазалайды.
2. Шегені Шегенов Шегір көкем табаннан суырып алды.
3. Черепицамен үй төбесін жабады.
4. Ащыкөл Тұщыкөлмен бірдей емес.





## Щ ЭРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

**53-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Ащы мен тұщыны ажырата білу керек.
2. Әр адамның өзінің жеке тіс щёткасы болғаны жөн.
3. Асханада борщ пісірілді.

2. *Щ* әрпінің астын сызып, *щ* дыбысының айтылуына көңіл бөліңдер.

**54-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, көшіріп жазыңдар да, *щ* әрпі бар сөздердің астын сызыңдар.

1. Чек — щи.
2. Чемодан — щётка.
3. Чех — Щорс.
4. Чуваш — шуаш.

*Щ* әрпі *щётка, борщ, щи, ащы, тұщы* сияқты сөздердің басқы, орта және соңғы буындарында жазылады.

**55-жаттығу.** Мәтінді көшіріп жазыңдар. Бала мен қыздың сөйлескен сөздеріндегі *щ* әрпінің астын сызыңдар.

- Жәшікті орысшада не дейді?
- Ящик дейді.
- Үйіңде щётка бар ма?
- Екі щёткамыз бар.
- Ой, маңдайыңнан тер шығып кетті ғой. Бұл қандай тер өзі?
- Бұл — ащы тер ғой, ащы тер!



## Ц ЭРПІНІҢ ЕМЛЕСІ

**56-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді оқыңдар.

Цифр, шифер, шаш, шашу, цирк, циркуль, ацетон, авиация.

2. Сөздердегі бастапқы әріптердің өзгешелігін байқаңдар.

**57-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді көшіріп жазып, *ц* әрпінің астын сызыңдар.

Циркуль, цифр, цирк, концерт, центнер, цех, станция, конституция.

2. Бұл сөздердің жазылуын есте сақтаңдар.

**58-жаттығу.** 1. Жұмбақтың шешуін табыңдар.



Темір аяқты,  
Ағаш таяқты.

2. *Ц* әрпі бар сөзді көшіріп жазыңдар.

**Ц** — қатаң дауыссыз дыбыс.

**Ц** әрпі сөздің басында, ортасында жазыла береді.

**Ц** әрпі орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады.

**59-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөздерді көшіріңдер.

Авиа...ия, ...ентнер, ...емент, ...ех, ...елюфан,  
...истерна, ре...епт.

2. Осы сөздердің жазылуын есте сақтаңдар.

## ЖІҢІШКЕЛІК БЕЛГІСІ (Ь) МЕН АЙЫРУ БЕЛГІСІ (Ъ)



Жіңішкелік белгісі (ь) өзінен бұрын келген дауыссыз дыбысты жіңішкерту үшін жазылады.

Жіңішкелік белгісі (ь) жеке тұрғанда дыбысты таңбаламайды.

**60-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып, ь белгісі бар сөздерді көшіріп жазыңдар.

Бұл — қызықты альбом. Альбомда әкемнің медаль алғанда түскен суреті бар. Менің де лагерьде түскен суретім — осы альбомда.

2. Жіңішкелік белгісі бар сөздің астын сызыңдар.

Айыру белгісі (ъ) дауыссыз дыбысты дауыстыдан бөлу үшін қолданылады. *Объект, подъезд, разъезд* сияқты сөздерге қосымша жалғанғанда, *д* әрпі түсіп қалады: *подъезд — подъезі, подъезге.*

**61-жаттығу.** 1. *ь, ь* белгілерінің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. «Түркістан» театрында п...еса қойылды.
2. Пойыз раз...езге жақын келді.
3. Раз...езд біздің үйдің алдында.

2. *ь, ь* белгісі бар сөздердегі *ь, ь* белгілерінің астын сызыңдар.

**62-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріпті қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Календар... — жыл ішіндегі күндерді тәртібімен санап, ондағы болған оқиғаларды көрсететін таблица немесе кітап.

2. Карамел... — конфеттің бір түрі.

3. Роял... — металл тілдері арқылы ойналатын музыкалық аспап.

2. Жіңішкелік белгісінің астын сызыңдар.



## СӨЗ

### СӨЗ ЖӘНЕ СӨЗ ҚҰРАМЫ

Сөздердің буын құрамы, дыбыс құрамы түрліше болып келеді: үй, бала, балықшы, оқушының, зейнеткерлердің, жақсылықтарыңды.

Сөздер бір құрамды және бірнеше құрамды болады.

**63-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып, мағынасын түсіндіріңдер.

Көпке арналсын қолдағың,  
Шырағым, сараң болмағың.

Өйткені:

Сараңның қақпан жүрер көмейінде,  
Алса ашылып, жабылар берерінде.

*(Тұтқабай Иманбеков.)*

2. Өлеңдегі сөздердің құрамы бірдей ме?

**64-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Аталар сөзі — ... көзі.

2. Піл көтермегенді ... көтереді.

*(Мақал.)*

3. Тіріні ... салар да — сөз,

Өліні тірілте алар да — ... .

*(Әлішер Науаи.)*

Тиісті сөздер: тіл, өлтіре, ақылдың, сөз.

**65-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығыңдар.


Екі әтеш қызыл ала қан болып төбелесті. Жеңілгені бас сауғалап, биік шатырға шығып алды да, ол тамағы жыртылғанша: «Ку-ка-ре-ку. Мен жеңдім!» — деп жар салды. Оны аспанда қалықтаған қыранның көзі шалып қалды. Қыран сорғалап келіп, әтешті қанатымен бір салып қалып қылжитты. Шеңгелдей бүріп алды да кетті.

«Батыр болсаң, бақырып болма!» — деген сөз бар емес пе?

2. Әңгіменің мазмұнын түсініп алыңдар.
3. Әңгімедегі бір және бірнеше құрамды сөздерді табыңдар.
4. Мәтінге тақырып қойыңдар.

**66-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып шығып, жеке сөз құрамының қандай екенін айтыңдар.

Ала күшік Мойнақты  
Құйттайынан ойнаттым.  
Мен сабақтан келгенде,  
Кетеді өзі жайнап тым.  
Домаланып жүргені,  
Қызық тегі, үргені.  
Көп баланың ішінен  
Тауып алар бір мені.  
(Қ. Жұмалиев.)

-  2. Қарамен берілген сөздерді буынға бөліп көшіріңдер.

## ТҮБІР МЕН ҚОСЫМША

**67-жаттығу.** Түбір мен қосымшалы сөздерді бөлек-бөлек көшіріп жазыңдар.

Таза, тазалық, ауыл, ауылдық, мақта, мақташылық, жүзім, жүзімдік, ас, астық, күз, күздік, айт, айтқыш, кес, кескір.

Үлгі:

Түбір сөздер.

Таза, ауыл, ...

Қосымшалы сөздер

Тазалық, ауылдық, ...

**68-жаттығу.** Сөздерді оқып шығындар да, түбір сөзден жалғауды дефис арқылы бөлек жазыңдар.

Жауынның, бөбекке, доппен, тілекпен, білекті.  
Көшеден, баладан, далаға, қаланы.

**69-жаттығу.** Сөздерге тиісті жалғауларды жалғап оқыңдар.

Бал..., сүт..., ірімшік..., алма..., шие... , кесе..., мақта... .

Тиісті жалғаулар: -тің, -дың, -ке, -тің, -ні, -ға, -ны, -ге.

**70-жаттығу.** Өлеңді оқып шығып, сөздердің түбірлерін жалғанып тұрған жалғаудан «+» белгісі арқылы бөліп жазыңдар.

### МЫСЫҚ

Көп жұмысты күнімен  
Келгендей-ақ «қиратып»,  
Отыр мысық тілімен  
Үш тал мұртын ширатып.

(Ә. Дүйсенбиев.)



**71-жаттығу.** 1. Қарамен жазылған сөздердің түбірін қосымшадан дефис арқылы бөліп жазыңдар.

—Естай, үйге кір, тамақ ішеміз, — деген **әжесінің** дауысы естілді.

Естай **ауылға** келгелі **тамаққа** тәбеті ашылды. **Қымызға, айранға** үйреніп алды. **Әжесі** бұған әдейілеп қаймақ пісіріп береді. Тіпті тәтті-ақ. **Немересі** ішіп-жеген сайын әжесі сүйсініп

«ас болсын» дейді. Атасы жатарда **жастыққа** жантайып, домбыра тартады.

(Ахат Жақсыбаев.)

2. Мәтінге ат ойлап табыңдар.

**72-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына түбір сөздерді қойып көшіріңдер.

1. ...дың ...і. 2. Қаздың ...сы. 3. ...қа ...у. 4. ...ы көппен сырлас. 5. Аталар ...і—...дың көзі. 6. ...лы үй—базар. 7. ...ке айтқанның зәрі жоқ. 8. Жеті атасын білген ұл жеті ...тың қамын жер.

Тиісті түбір сөздер: ауыл, іш, бала, ат, мін, дос, сөз, ақыл, бала, бет, жұрт.

2. Қосымшалардың астын сызыңдар.



## ТҮБІР СӨЗДЕР

**73-жаттығу.** 1. Төмендегі түбір сөздерге жақша ішіндегі жұрнақтардың тиістісін жалғап, көшіріп жазыңдар.

1. Аң, ән, шаңғы (-шы, -ші).
2. Үй, қап, дорба (-шық, -шік).
3. Келін, жұтқын (-шақ, -шек).

2. Сөздердің мағыналарының өзгергеніне көңіл бөліңдер.

**Сөздің бөлуге келмейтін негізгі бөлшегін түбір (түбір сөз) дейміз. Мысалы: ай, күн, жұлдыз, жер.**

**Түбір сөзді бөлшектеуге болмайды. Мысалы: домбыра, балық** дейтін түбір сөздер одан әрі бөлінбейді.



**74-жаттығу.** Берілген сөздерді оқыңдар. Әрі қарай бөлуге болатын және әрі қарай бөлуге болмайтын сөздерді бөлек-бөлек жазыңдар.

Сөз/сөзшең.

Жылқы/жылқышы.

Темір/темірші.

Су/сушы.

Үй/үйшік.

Мақта/мақташы.

Балта/балташы.

Бел/белдік.

Үлгі:

Әрі қарай бөлуге болатын сөздер: *сөзшең*, ...

Әрі қарай бөлуге болмайтын сөздер: *сөз*, ...

**75-жаттығу.** Өлеңді дауыстап оқып, көшіріп жазыңдар да түбір сөздерді атаңдар.

### ШИЕ

Апам еккен шие де  
Қып-қызыл боп тұр пісіп.  
Бүгін де бұл шиеге  
Шыға алмадым тырмысып.

Айтайын десем: «Әпер!» — деп,  
Ағам да кеткен ойынға.

Бәріне едім әпермек,  
Жетпей тұр, әттең, бойым да.

*(Мекембай Омарұлы.)*



**76-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Етікші етік тікті. Темірші темір соқты. Жүргізуші көлік жүргізді. Тігінші тігін тікті. Сушы су суарды. Жылқышы жылқы бақты. Сылақшы сылақ сылады.

**77-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Тамды ауданында ... бар. ... кен іздейді.  
2. ... сөз — жан азығы. Әр күні әркімге ... істеу керек.  
3. Әлішер Мырзаев, Анна Қайназарова, Асан Байназаров, Сағдулла Сәденовтер тамаша ... салды.

Керекті сөздер: жақсы, кен, жақсылық, кенші, сурет.

**78-жаттығу.** Сөйлемдерді көшіріңдер. Қарамен жазылған түбір сөзге қосылған бөліктің астын сызыңдар.

**Күй-ші** күй тартты. **Балық-шы** балық аулады. **Трактор-шы** жер жыртты. **Жұмыс-шы** жұмыс істеді.



## ҚОСЫМША

Түбір сөзге жалғанатын бөлшекті қосымша дейміз. Мысалы: ай-лар, күн-дер, жұлдыз-ды түн-дер.

**79-жаттығу.** 1. Өлеңді түсініп оқыңдар.

Нан сұрайды үйге кеп,  
Қайта-қайта Еркебек.  
Ал далада ақ күшік  
Күтеді оны еркелеп.

(«Балдырған» журналынан.)



2. Түбір сөздерді теріп жазыңдар.
3. *Сұрайды, далада, күтеді* деген сөздерді тасымалдаңдар.

**80-жаттығу.** 1. Көшіріп жазыңдар.

1. Ел, ел-ші, ел-ші-лердің. 2. Гүл, гүл-зар, гүл-зар-дан.

2. Түбір сөзге жалғанған қосымшалардың астын сызыңдар.

**Түбір сөздерге бір немесе бірнеше қосымшалар жалғанады. Мысалы: жібек-шілер, ауыл-дас-тар.**

**81-жаттығу.** 1. Берілген сөздерді дұрыс көшіріп жазыңдар.

1. Жас-тық, қыз-дар, ер-лік, үй-лі.
2. Таза-лық, парта-ны, ақыл-ды, шебер-лік.
3. Бәйшешек-тер, қызғалдақ-қа.

2. Әр қатардағы сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?

**82-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Жаңа салынған үйлер алыс... көз тартады. 2. Аяңдап қасы... келдік. 3. Үй... айнала... тап-таза. 4. Райхан гүл...нің хош иісі көңіл... көтере... .

Тиісті қосымшалар: -тан, -на, -лер, -сы, -і, -ді, -ді.



**83-жаттығу.** 1-бағандағы сөздердің тұсына *-шы, -ші*, 2-бағандағы сөздердің тұсына *-ғыш, -гіш* сияқты қосымшалардың тиістісін қойып, көшіріп жазыңдар.

жазу	күл
терім	ал
балық	же
сурет	жан

**84-жаттығу.** Сөздерді көшіріп жазып, түбір сөздің астын сызыңдар.

қайықтың	жібектің
қайықшы	жібекші
қайыққа	жібекке
қайықта	жібекте

**85-жаттығу.** Жұмбақтағы қарамен жазылған қосымшаларды түбірге қосып, көшіріп жазыңдар.

Шеше-сі — су-да,

Әке-сі — суық.

Көктем-де өлер,

Күз күн-і туып.

(Мұз)

(Қадыр Мырзалиев.)

**86-жаттығу.** 1. *Ел* деген сөздің соңына сұрағына орай тиісті жалғауларды жалғап, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

(Ненің?) қадірін ер біледі. Таяуда (қайда?) бардық. Әбден (нені?) сағынып қалған екенбіз. (Қайда?) біраз болдық. Қалаға (қайдан?) көңілді оралдық. (Немен?) араласып тұрған жақсы ғой.

2. Мәтінге ат қойыңдар.



## ТУYNДЫ СӨЗ

**87-жаттығу.** Төмендегі салыстырмалы сөздерді оқып шығып, айырмашылықтарын айтыңдар.

Жұмыс — жұмысшы.

Аспаз — аспазшы.

Егін — егінші.

Мал — малшы.

Ел — елші.

Тәрбие — тәрбиеші.

**88-жаттығу.** Сөйлемдерді салыстыра оқып шығыңдар.

1. Қой — төрт түліктің бірі.

2. Малшылар мал азығын дайындады.

3. Жылқының семіз болуы — жылқышыдан.

Түбір сөзге жұрнақ қосу арқылы жасалған сөзді туынды сөз дейміз. Мысалы: құлақшын, іс, іскер, мал, малшы.

**89-жаттығу.** Түбір сөздің астын сызып, жұрнақтарды дефис арқылы бөліп жазыңдар.

Киім, киін, тарихшы, жазушы, денелі, әдепті, ойыншық, сусын, егін.

**90-жаттығу.** Төмендегі сөздерге мына жұрнақтардың тиістісін жалғаңдар: *-ды, -ді, -лы, -ты, -дай, -дей, -шы, -ші, ті, тай.*

1. Ақыл, ес, ұят, ар, намыс.

2. Тау, тас, үй, бала, дала.

3. Қой, жылқы, түйе, мал.

**Бір түбірден бірнеше туынды сөз жасалады.**

**Мысалы:** құлақ, құлақшын, құлақтандыру.

**91-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына -шы, -сын, -ат жұрнақтарын қойып жазыңдар.

1. Шоқан — су... бала. 2. Үйінде су... бар ма?  
3. Демалғың келсе су...тың басына бар.

2. Жоғарыдағы қарамен жазылған сөздерге -лық жұрнағын жалғап, туынды сөз жасауға бола ма?



## ЖҰРНАҚ ПЕН ЖАЛҒАУ

**Қосымшалар екіге бөлінеді:**

1. Жұрнақ (мал + шы, би + ші).

2. Жалғау (малшы + лар, биші + лер).

**92-жаттығу.** 1. Мына сөздердің мағыналарын салыстырыңдар.

оқу — оқушы

тоқу — тоқушы

бір — бірлік

бала — балалық

ек — егін

орын — орындық

қой — қойшы

үй — үйшік

жас — жастық

бөл — бөлім

2. Түбір сөздердің мағынасын өзгерткен сөздерді көшіріп жазыңдар.

**Сөздің мағынасын өзгертетін қосымшаларды жұрнақ дейміз. Мысалы: мақташы, қойшы.**

**Сөз бен сөзді байланыстыратын қосымшаларды жалғау дейміз. Мысалы: өзеннің су-ы, сынып-қа кір.**

**93-жаттығу.** 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

- |            |           |
|------------|-----------|
| 1. Аң      | аңшы      |
| 2. Ән      | әнші      |
| 3. Балық   | балықшы   |
| 4. Домбыра | домбырашы |
| 5. Дауыл   | дауылды   |
| 6. Жел     | желді     |

2. Сөздің мағынасын өзгертіп тұрған қосымшаларды ажыратып жазыңдар.

**94-жаттығу.** 1. Сөздерді оқыңдар.

Оқы, оқу, оқыған, оқушылар.

2. Сөздердің негізгі түбірін тауып, қосу белгісі арқылы қосымшаларды ажыратыңдар.

**95-жаттығу.** Сөздерді көшіріп жазыңдар. Түбір сөздің астын бір, қосымшаның астын екі сызыңдар.

Мақташы, жүгеріші, күрішші, суретші, әнші, жақсылық, сұлулық, мейірімді, ибалы, әдепті.



**96-жаттығу.** 1. Әр қатардағы сөздерге өзінің тұсындағы жұрнақтарды жалғаңдар.

1. Күй, мақта: -шыл, -шіл.
2. Ойын, көл, жұмыс: -кер, -шік, -шық.
3. Бала, ер: -лық, -лік.

2. Жұрнақ жалғанған соң сөздердің мағыналары өзгергенін байқаңдар.

**97-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтар мен жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Тоқу... кілем тоқыды.
2. Би... би билейді.
3. Бала... — бақытты шақ.
4. Ата-ана... алғысын ал.
5. Балта... басып өтуші болма.
6. Күн... қарап түкірме.
7. Ата... сөзі — ақыл... көзі.

Тиісті жұрнақтар: -ші, -шы, -лық.

Тиісті жалғаулар: -ны, -ның. -нің, -дың, -ге, -лар.

**98-жаттығу.** Мына сөздерден сөйлем құрап жазыңдар. Түбір сөздің астын сызыңдар.

Өнерлі, зергер, оқытушы, ұрыншақ, әдепті, сypайы.



## СӨЗ МАҒЫНАСЫ

Әр сөздің өзіне тән мағынасы болады.  
Мысалы: бидай, мақта, күріш, мал, құс.



**99-жаттығу.** 1. Сұрақтардың орнына тиісті сөздерді қойып көшіріңдер.

Таудан (не?) түсті? Мен (қандай?) гүл алдым. Күрішшілер күрішті (не істеді?). Қазан — жылдың (нешінші?) айы.

Тиісті сөздер: оныншы, мал, жинады, қызыл.

2. Сұрақтарға жауап берген сөздердің әр түрлі мағынамен айтылғанына көңіл бөліңдер.

**100-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып көшіріп жазыңдар.

Жирен ат (не?). Кесек ат (не істе?).

Жаз (не?) келді. Хат жаз (не істе?).

Алтынбек нағыз ер (кім?). Жақсының соңынан ер (не істе?).

2. Айтылуы бірдей, бірақ мағынасы да, сұрағы да басқа-басқа сөздерді байқадыңдар ма?

**Кейбір сөздердің бірнеше мағынасы болады. Олардың айтылуы бірдей болғанмен, мағыналары басқа-басқа болады.**

**101-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. **Жаз** келді.

2. **Жаттығуды жаз.**

3. **Ат** кісінеді.

4. **Алысқа кесек ат.**

5. Мен түнде **түс** көрдім.

6. **Суға түс.**

2. Қарамен жазылған сөздер неше мағынаны аңғартып тұр?



**102-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Алақтай берме, көзіңе ... . 2. Оның көзі — ... .  
3. Аяғыңды анық ... . 4. Ыстығы шығып, ... ауырып тұр.  
5. ... жылы. 6. Құмды бір шетке ... .

Тиісті сөздер: қара, бас, үй.

2. Бірнеше мағынасы бар сөздердің астын сызыңдар.

**Айтылуы басқа-басқа болғанмен, мағыналары бір-біріне ұқсас сөздер болады. Мұндай сөздерді өзара мәндес сөздер дейміз.**

**103-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығыңдар. Қарамен жазылған сөздерді орын-орнына қойып, көшіріп жазыңдар.

1. Мойын тұс **кірмеді**. 2. Қасқырды көріп, қоян ініне **кірледі**. 3. Ол әсем ән **қайтты**. 4. Құрбанбек пен Қалдыбек, Әсия, Айжан ауылдан **айтты**. 5. Мал **кісінеді**. 6. Жылқы **мөңіреді**.

2. *Кірмеді, кірледі* деген сөздердің мағынасын өзгертіп тұрған қай дыбыстар? Жалқы есімдерді атаңдар.

**104-жаттығу.** 1. Сөздерді көшіріңдер.

1. Бұлбұл сайрады (шиқылдады).  
2. Қаз қаңқылдады (саңқылдады).  
3. Есек аңырады (маңырады).  
4. Гүл ашылды (пісті).  
5. Арыстан ақырды (бақырды).

2. Жақша ішіндегі сөздерді өзінен алдында тұрған сөздердің орнына қойып айтуға бола ма?

**105-жаттығу.** 1. Сөздерді салыстырып оқыңдар.

Ақырды — шақырды.

Аңырады — маңырады.

Ырылдады — шырылдады.

Сықылықтады — шықылықтады.

Қағады — ағады.

2. Бағандағы сөздерге тиісті сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Тиісті сөздер: әтеш, арыстан, қой, есек, торғай, ит, сауысқан, бала, су, құс, қанат.

Үлгі: Арыстан ақырды.



## СӨЗ ТАПТАРЫ

Заттың (нәрсенің) атын, сынын, санын және қимылын білдіретін сөздерді сөз таптары дейміз.

Олар мыналар: зат есім, сын есім, сан есім, етістік.

### ЗАТ ЕСІМ

**106-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

#### БІЗДІҢ ЕЛ

Айтқандай бір шүкіршілік,

Күн де бүгін аса қызды.

Пияз кессем, сүті шығып,

Көздерімнен жас ағызды.



Сөзімді кім құптар екен?  
Ташкент деген — құт, берекем.  
Біздің елдің сиыр түгіл,  
Пиязында да сүт бар екен!

(М. Омарұлы.)

2. Қарамен жазылған сөздерге сұрақ қойыңдар да, сұрақтарды үстіне жазыңдар.

3. Бұл сөздердің мағынасы нені білдіреді?

**107-жаттығу.** 1. Мақалдарды көшіріп жазыңдар.

1. Анасының тілін алмаған азапқа қалады.  
2. Жері байдың — елі бай. 3. Ел іші — алтын бесік.  
4. Отан оттан да ыстық. 5. Отансыз адам — ормансыз бұлбұл. 6. Туған жерге туың тік.

2. Мәтіннен *не?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, астын сызыңдар. Олардың заттық мағынасы бар екендігін аңғарыңдар.

**108-жаттығу.** 1. Адамның мамандығын білдіретін сөздерді бір бөлек, заттың атын білдіретін сөздерді бір бөлек теріп жазыңдар.

Оқытушы, кітап, базарлық, машина, жүргізуші, ғалым, мақсат, егінші, егін, жұмыс, жұмысшы, балмұздақ, кәмпит, құс.

Үлгі:

1. Оқушы, ...

2. Кітап, ...



2. Бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?

**109-жаттығу.** 1. Мына сұрауларға жауап жазыңдар.

Атың, әкеңнің аты, фамилияң кім?  
 Нешінші жылы туылдың? Қай айда?  
 Әке-шешең қайда қызмет істейді?  
 Өзің нешінші сыныпта оқып жүрсің?

2. Өздерің жазған жауаптарыңдағы жалқы есімнің астын сызыңдар.

**Заттың атын білдіретін сөздер зат есім болады. Мысалы: Аққал Қалыбекова, Әзиза Нұрмаханова, жұмысшы, аспан.**

**Зат есімдер кім? кімдер? не? нелер? деген сұрақтарға жауап береді. Мысалы: Мәдина, астық, мал, оқушылар, жаңбыр, арман, жер.**

**110-жаттығу.** 1. Мына сөздердегі көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып оқыңдар.

•	ғ	а				
о	т	•	н			
к	•	т	•	п		
б	•	р	л	•	қ	
т	у	•	с	қ	•	н

2. *Кім?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді бір бөлек, *не?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді бір бөлек теріп жазыңдар.

**111-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, тұтас оқыңдар.

1. Кітап, дәптер, қалам — оқушыға қажетті ...
2. Қой, ешкі, тауық — үй ...
3. Алма, өрік, жүзім — жеміс ...



Тиісті сөздер: ағаштары, құралдар, жануарлары.

**112-жаттығу.** Өлеңді көшіріңдер. *Кім? не?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді тауып, астын сызыңдар.

### КЕЗЕКШІ

Сынып іші айнадай,  
Шаң мен тозаң ұшпайды.  
Үзілісте ойнамай,  
Кіршіксіз қып ұстайды.

Сынып тұрса жарқырап,  
Жақсы ұғасың сабақты.  
Алғыс айтар әркім-ақ,  
Кезекшіге талапты.

(М. Әлімбаев.)

**113-жаттығу.** Мына сөздерге сұрақ қойып *кім?* деген сұраққа жауап беретін зат есімдерді теріп жазыңдар. Сол сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.

Тоғай, түлкі, бәйтерек, жолбарыс, жер, жолдас, найзағай, халық, ай, өзен, ұстаз, тасбақа, торғай, қыс, бұтақ, Әлия, Нұркен, бас, үй.

**Көптік мағына беретін зат есімдерге *кімдер? нелер?* деген сұрақтар қойылады.**

**114-жаттығу.** *Кімдер?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді бір бөлек, *нелер?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді бір бөлек жазыңдар.

Мақташылар, құлындар, сақшылар, ағаштар, әжелер, өсімдіктер, қыздар, қайыңдар, жұлдыздар.



**115-жаттығу.** Оқып шығыңдар. Зат есім сұрақтарының әр түрлі екенін байқаңдар.

### СУРЕТ САЛДЫМ

Қарсы алдымда бала (кім?) отыр,  
Айнадан ол қарап отыр.  
Мен де оған қарап алдым,  
Қолға қағаз (не?), қалам (не?) алдым.

Дөңгелетіп басын салдым,  
Екі сызып қасын салдым.  
Ұқсатқан жөн түрін енді.  
Міне, мынау мұрын (не?) болды.

Салынды езу (не?), құлағы (несі?) енді,  
Күлімсіреп шыға келді.  
Ең соңынан көзін салдым,  
Айнымаған өзім болдым.

(Адырбек Сопыбеков.)

**116-жаттығу.** Суретке қарап әңгіме құрастырыңдар.

## ЖАЙЛАУДА



1. Төрт түлік малдардың қайсы түрлері жайылып жүр?
2. Әрбір малдың төлі қалай аталады?

**117-жаттығу.** 1. Нақыл сөздерді оқыңдар.

1. Адамның басшысы — ақыл,  
Жетекшісі — талап.  
Жолдасы — кәсіп.  
Қорғаны — сабыр.

*(Саққұлақ би.)*

2. Жерде өлшеуіш жоқ.  
Аспанда тіреуіш жоқ.



2. Негізгі түбір қалпындағы зат есімдерді бір қатарға, жалғау жалғанған зат есімдерді екінші қатарға жазыңдар.

Үлгі:

1. Ақыл, ...
2. Адам-ның, ...



## НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ ЗАТ ЕСІМДЕР

Түбір қалпындағы зат есімдер негізгі зат есім болады. Мысалы: көл, су, сөз, күн.

**118-жаттығу.** Өлеңді оқып, жанына сұрақтары қойылған сөздердің қай зат есім екенін айтыңдар.

### АНА ТІЛІМ

Бұл тілде Абай (кім?) сөйлеген,  
Өлеңмен жасап ғажапты.  
Абай (кім?) мен Мұхтар (кім?) дүниеге  
Танытты елім қазақты.

Туған жоқ ешкім нұр-қыздан,  
Түскен жоқ ешкім жұлдыздан.  
Данышпандардың бәрін де,  
Ананың тілі (не?) туғызған.

*(Шона Смаханұлы.)*

**119-жаттығу.** 1. Мәтіннен негізгі зат есімдерді тауып, астын сызыңдар.

Су анасы — бұлақ.  
Жол анасы — тұяқ,  
Сөз анасы — құлақ.

2. Түбір сөзді одан әрі бөлшектеуге болмайтынын ескеріңдер.

**120-жаттығу.** 1. Сөйлемдердің ішінен негізгі түбір сөздерді теріп жазыңдар.

1. Күн шықты. 2. Талғат ұзақ сапардан оралды. 3. Ләззат үшінші сыныпта оқиды. 4. Сәкен — студент. 5. Оразбай қызық түс көрді.

2. Негізгі түбір мен туынды түбірлердің айырмашылығын айтыңдар.



**Жұрнақ жалғану арқылы жасалған зат есімді туынды зат есім дейміз. Мысалы: оқу-шы, күй-ші, ас-тық, кітап-хана, бас-шы.**

**121-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына *-қан, -шақ, -шек, -шық, -шы, -ші* жұрнақтарының тиістісін қойып, туынды түбір жасаңдар.

1. Тоқты... . 2. Түйін... . 3. Орман... . 4. Бұзау... .  
5. Құлын... . 6. Тігін....

2. *Орманшы, тігінші, тоқтышақ* деген сөздерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

**122-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті зат есімдерді қойып жазыңдар.

1. Мұхтар Әуезов — қазақтың атақты ...шысы.  
 2. ...шы зауытқа жұмысқа кетті. 3. Елімізде үлкен қалалар мен шағын ...шықтар көп. 4. Жұмыста ...тық жиналыс өткізді. 5. Ауылда жаңа ...хана ашылды.

Тиісті түбір сөздер: жазу, жұмыс, қала, бас, кітап.

**123-жаттығу.** Туынды түбірді негізгі түбірге айналдырыңдар.

Туынды түбір	Негізгі түбір
Астық Тоқтық Әнші Амандық Балалық Достық Айлық	Үлгі: ас

## ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖЕКЕШЕ ЖӘНЕ КӨПШЕ ТҮРІ



Зат есімнің жекеше, көпше түрі бар. Зат есімнің жекеше түрі бір нәрсені ғана білдіреді: дәптер, бөлме, қиял. Заттардың көп екенін білдіру мақсатымен түбір сөзге жалғанатын -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жалғауларын *көптік жалғаулары* дейміз. Мысалы: ана-лар, әже-лер, ағайын-дар, егіз-дер.

**124-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

### САҒЫНЫШ

Жәнібек күндегідей емес, бақшаға көңілсіздеу барды. Балалар қызық ойынға кіріскен. Кубиктерден зәулім үйлер жасауда. Машиналарын жүргізуде. Ал, бұл оларға қосылғысы келмеді. Қолына қағаз бен көк қарындашын алып, бұрыштағы кішкене үстелге отырды. Сурет сала бастады. Бұл ауылдағы әжесінің үйі еді. Мұржадан шыққан түтінін көгілдір етіп бояп қойды. Терезесін, есігін, аспанды келтірді, «Күнді көкпен бояуға болмайды», — деп ойлады.

*(Гүлбаршын Әзімбаева.)*

2. Жеке мағынаны және көптік мағынаны білдіретін зат есімдерге сұрақ қойыңдар.

**125-жаттығу.** 1. Бағанның оң жағындағы сөздердің түбірін қосымшаларынан бөліп жазыңдар.

гүл	гүлдер
қала	қалалар
құс	құстар
үйрек	үйректер
кесе	кеселер
астық	астықтар
бақа	бақалар
үй	үйлер

Үлгі: гүл-дер, кесе-лер, ...

2. Қосымшалардың айырмашылықтарын байқаңдар.

3. Қай бағандағы сөздер жіңішке дауысты дыбыстардан құралған?

КІСІЛЕР

БАЛАЛАР

ҚҰСТАР



**126-жаттығу.** 1. Зат есімнің көпше түрін жекеше түріне айналдырып жазыңдар.

Жидектер, алмалар, жүзімдер, картоптар, қызылшалар, қызанақтар, алшалар, жаңғақтар.

2. Зат есімнің жекеше түріне сұрақ қойыңдар.

**127-жаттығу.** 1. Зат есімнің көпше түрінің астын сызыңдар.

1. Ара, ара аралар,  
Орманның бойын аралар,  
Гүлдерден сорып бал алар,  
Алысқа ұшып бара алар,  
Бал тәтті ғой, балалар.

2. Тырналар-ау, тырналар,  
Ұзын мойын мырзалар.

2. *Ара, гүл, бала, тырна* сияқтылардың көп екенін қандай жалғаулар білдіріп тұр.

**128-жаттығу.** *Кімдер?* деген сұраққа жауап беретін сөздерді теріп жазыңдар.

Балапандар, аспаздар, әскерлер, ағаштар, балалар, шөптер, сәбилер, жемістер, жылқылар, көршілер.



## ЖАЛҚЫ ЕСІМ МЕН ЖАЛПЫ ЕСІМ

**129-жаттығу.** 1. Жалпы есімдерді алфавиттік тәртіппен жазыңдар.

1. Біздің үй ішіміз: әке, шеше, аға, іні, апа, сіңлі, қарындас, ата, әже, немере.

2. Дене мүшелері: бас, құлақ, шаш, маңдай, бет, жақ, қас, көз, кірпік, қабақ, мұрын, ауыз, ерін, тіл, тіс, иек, мойын, иық, қол, шынтақ, білек, саусақ, алақан, аяқ, сан.

Үлгі: 1. Аға, апа, ата,  
2. Алақан, ауыз, аяқ,

2. Бұл сөздер қандай сұрақтарға жауап береді?

**130-жаттығу.** Тиісті сөздерді көп нүктенің орнына қойып жазыңдар.

Еліміздің астанасы—... қаласы. Ташкентте ... көшесі бар. Әмір Темір көшесінде «Қазақстан» кинотеатры орналасқан.

Тиісті сөздер: Ташкент, Қонаев.

**131-жаттығу.** Сөйлемдерді оқып, жалқы есімдерді көшіріп жазыңдар.

1. Шешеннің тілі ортақ. 2. Сен Нобель сыйлығы туралы естіген шығарсың? 3. Самарқанд қаласында Мырза Ұлықбек құрғызған обсерватория бар. 4. Мырза Ұлықбек— өзбек халқының ұлы астрономы және мемлекет қайраткері. 5. Тамды ауданының үсті де—алтын, асты да—алтын.



**132-жаттығу.** Мәтінді оқыңдар. Бас әріппен жазылған сөздерді анықтаңдар. Олардың бас әріппен жазылу себебін айтыңдар.

Өзбекстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі 1991 жылдың 31 тамызында жарияланды.

1 қыркүйек — Өзбекстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

ЕЛТАҢБА

ТУ

ӘНҰРАН

Бір затқа (адамға, жер-суға, жан-жануарларға, тағы басқаларға) арнайы қойылған атауларды *жалқы есім* дейміз.

Жалқы есімдер бас әріппен жазылады.

Тарихтағы ұлы оқиғалар, кітап, журнал, спектакль аттары да жалқы есімге жатады.

Бір нәрсенің жалпылама атын білдіретін сөздер *жалпы есім* болады: қала, аудан, адам, бала.

Жалпы есімдер кіші әріппен жазылады.

**133-жаттығу.** Жалқы есімдерді алфавиттік тәртіп бойынша жазыңдар.

Қайырбаев Жұмырбай, Әділов Ағытай, Арипов Абдулла, Ахметов Серік, Бекбергенов Мақаш, Жолдасов Бегалы.

Адамның аты-жөні бас әріппен жазылатынын есте сақтаңдар.

**134-жаттығу.** 1. Төмендегі кестені зейін қойып оқыңдар.

№	Жалпы есімдер	Мысалдар:
1.	Заттың аты:	темір, жол, қалам, тау, өзен, т.б.
2.	Құбылыстың аты:	дауыл, жаңбыр, самал, қар.
3.	Жануарлар мен жәндіктердің аты:	арыстан, аққу, қоңыз, құс.
4.	Заттық ұғымды білдіретін белгілердің аты:	қайсарлық, ерлік, менмендік.

2. *Дауыл, жаңбыр, самал, қар* сөздерін қатыстырып, 4 сөйлем құраңдар.

**135-жаттығу.** Төмендегі кестені зейін қойып оқыңдар. Жалқы есімдердің бас әріппен жазылатынын ескеріңдер.

№	Жалқы есімдер	Мысалдар:
1.	Адамның аты-жөні:	Мұхтар Әуезов, Жиренше шешен, Бұхар жырау, Ғафур Ғұлам.
2.	Кейбір мал, хайуанат аттары:	Шұбар ат, Бөрібасар, Тайбурыл, Құлагер.
3.	Жер, су, тау мемлекет, облыс, аудан, ауыл, көше, аттары:	Өзбекстан Республикасы, Науаи облысы, Кенимех ауданы, «Мәдениет» аулы.





**136-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар.

### НЕСШЕ АЛМА

«Бес» алған Асанға —  
Бес алма.  
«Төрт» алған Досанға —  
Төрт алма.  
«Үш» алған Хасанға —  
Үш алма.  
«Екі» алған Бошанға —  
Неше алма?

*(Сұлтан Қалиев.)*

2. Жалқы есімдердің астын сызыңдар.

3. Сол сөздердің үстіне сұрақтарын жазып, айыр-машылықтарын айтыңдар.

**137-жаттығу.** Оқыңдар. Жер, адам аттарын көшіріп жазыңдар.


«Бабыр Мырзаның әкесі Омаршах Мырза Темірилер әулетінен еді. Бабыр өзінің естеліктерінде әкесінің әділетті болғанына дәлел келтіреді. Бірде Қытайдан Ферғанаға бет алған керуен Ош тауларында қар көшкінінде қалып қояды.

Омаршах Мырза дереу Қорасан мен Самарқантан керуен иелерінің мұрагерлерін іздетеді.

Оларды шақыртып, мал-мүлікті толығымен қолдарына тапсырады».



**138-жаттығу.** 1. Мәтінді мәнерлеп оқыңдар.



## ТАШКЕНТ

Біздің күн сәулетті мемлекетіміз — Өзбекстан Республикасы. Өзбекстанның астанасы — Ташкент.

Ташкент — көне әрі үлкен қала.

Астанада «Ташкент метросы» деп аталатын метро жұмыс істейді. Метроның бір станциясы — «Мустақиллик» алаңы.

Біз көркем, сұлу, таза астанамызды сүйеміз.

2. Ташкент туралы не білесіңдер?

3. Мәтінде неше сөйлем бар?

4. Әр сөйлемде неше сөз бар?

**139-жаттығу.** 1. Адам аттарын, киім, аяқ киім аттарын теріп жазыңдар.

1. Асқар шалбарын шешті. 2. Айгүл кеудеше киді. 3. Әзімбек костюмін қақты. 4. Етік киген

жақсы. 5. Пима қыста керек. 6. Туфлиді майлап, бір шетке қой. 7. Бәтеңкеңнің жібін ағытып жүрме.

2. Кісі аттары қандай сұраққа жауап беріп тұр?

**140-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемді көшіріп жазыңдар.

1. Қара дауыл ... майыстырды.
2. Жақыпбек ... қабағын түйді.
3. ... баласын сүйеді «аппағым» деп.
4. Ыстық қалалардың бірі – ...

*Тиісті сөздер:* Жарқынға, ағашты, Терміз, қарға.

2. Жалпы есім сөздерінің астын бір, жалқы есім сөздерінің астын екі рет сызыңдар.



## ЗАТ ЕСІМНІҢ ТӘУЕЛДЕНУІ

**Тәуелдік жалғаулары мыналар:**

<b>Жекеше</b>	<b>Көпше</b>
I жақ -м, ым, ім	-мыз, -міз, -ымыз, -іміз
II жақ -ң, -ың, -ің	-ың, -ің
-ңыз, -ңіз,	-ыңыз, -іңіз
-ыңыз, -іңіз	
III жақ -сы, -сі, -ы, -і	-ы, -і

**Тәуелдік жалғаулары зат есімнің жекеше, көпше түріне жалғанады.**

**141-жаттығу.** Қарамен жазылған зат есімдердің түбірін қосымшалардан бөліп жазыңдар.

1. Менің қызық кітабым бар. 2. Сенің не арманың бар? 3. Сіздің қойыңыз қозылады. 4. Оның әңгімесі бітпейді.

Үлгі: кітаб-ым, ...



**142-жаттығу.** Зат есімдердің түбірі мен қосымшаларын (тәуелдік жалғауларын) біріктіріп жазыңдар.

1. Кітаб-ым, дәптер-ім, мектеб-ім, құлын-ым.
2. Сыныптас-ың, ауыл-ың, өзен-ің, ел-ің.
3. Күшіг-іңіз, гүл-іңіз, төсег-іңіз.
4. Аға-сы, нағашы-сы, немере-сі.

ауыл

мектеп

ел

**143-жаттығу.** 1. Әңгіме мәтінін дауыстап оқыңдар.

### МЕНИҢ ІНИМ

Інім қозыларды өзен жағасына бағуға айдап әкетті.

Кешке інім келді. Үсті-басы малмандай су. Сөйтсек, кішкентай ақ қозы өзенге түсіп кетіпті. Алып шығуға ешбір баланың батылы бармапты.

Інім судан қорықпай жүзіп, қозыны құтқарып алыпты.

Мен таң қалдым. Інімнің батылдығына сүйсіндім.

*(Сәбит Дүйсенбиев.)*



2. Зат есімдерді табыңдар. Түбірін анықтаңдар.
3. Іні, қозы деген сөздерге жалғау жалғап, тәуелдеңдер.

**Заттың біреуге тән, меншікті екенін білдіретін жалғауларды тәуелдік жалғаулары дейміз. Мысалы: бота-м, сиыр-ым, қалам-ыңыз, гүл-ің, бала-сы.**

Тәуелдік жалғаулары 3 жақта айтылады.

**Жекеше**

I жақ. Менің құлын-ым.

II жақ. Сенің құлын-ың.

Сіздің құлын-ыңыз.

III жақ. Оның құлын-ы.

**Көпше**

I жақ. Біздің құлын-ымыз (құлындар-ымыз).

II жақ. Сендердің құлын-дар-ың.

Сіздердің құлын-дар-ыңыз.

III жақ. Олардың құлын-дар-ы.

**144-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауларының тиістісін қойып жазыңдар.

## АНА ТІЛ

Жан...ды гүлдей әрлеген,  
Шырқасам шаттық ән-күй...  
Бесіг...ді де тербеген,  
Ана...ның айтқан әлди... .

Талатын кезде қанат...,  
Таусылар кезде тағат...,  
Биікке қарай қағатын,  
Ақсұңқар... да ана тіл!

(Ш. Смаханұлы.)

2. *Бесік, ана* сөздерін үш жақта тәуелдендер.



Тәуелдік жалғауы түбір сөзге дауысты дыбыстан кейін жалғанғанда, түбір сөздің соңғы буынындағы *ы*, *і* әріптері түсіп қалады. Мысалы: көрік — көркі, дауыс — даусы.

**145-жаттығу.** 1. Түбір сөздерге тәуелдік жалғауы жалғанғанда, түбір сөз қандай өзгеріске түсті?

Бөрік — бөркі  
ауыз — аузы  
ауыл — аулы  
халық — халқы

2. Тәуелдік жалғауы жалғанған сөздердің қай жақта тұрғанын анықтаңдар.

**146-жаттығу.** 1. *Орны, халық, халқы, аузын* деген сөздерді көп нүктенің орнына қойып жазыңдар.

## БІЛІП АЛ

1. Егер құмырсқалар илеуінің ... бекітіп алса, ұзақ жаңбыр болады.

2. Үйге кісі келсе ...ңнан тұрып, жайдары қарсы ал, киімін іл, төрге шығар.

3. ...ңның тарихын, дәстүрін, салтын жадыға тоқы және оны кейінгілерге үйрет.

4. Қанша ұлы адам болсаң да, ... алдында кіші, әдепті бол.

2. Қай сөздерде *ы* дыбысы түсіп қалған? Себебін айтыңдар.



**147-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқып шығыңдар.

### ЕРКЕ

Сарнап тұрып ертесін,  
Сұрайтын қант, бөлке...н.  
Сен бір жаман еркесің!  
Әке...нің де желке...н  
Жауыр қылған еркесің!

*(Қадыр Мырзалиев.)*

2. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауларының бірін қойып жазыңдар.

**148-жаттығу.** Салыстырып оқыңдар. Тиісті әріптерді көп нүктенің орнына қойып жазыңдар.

көрік — көрк...

құлық — құлқ...

ерік — ерк...

бөрік — бөрк...

**149-жаттығу.** Түбір сөздің соңғы буынындағы *ы* дыбысы түсіп қалған сөздің астын сызыңдар.

Тамылжып тұрды таулы орман,  
Баурына басып бар күйді.  
Арғымақ өзен таулардан  
Атылып көкке қарғиды.



**150-жаттығу.** Сөздерді үш жақта тәуелдеп айтыңдар.

Мысық, киік, борсық, елік, жапалақ, есек.

**151-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып шығындар.

1. Үйде әке..., шеше... бар. 2. Кітаб...ды жыртпа. 3. Киіг...ді жақсы көремін. 4. Менің алма...екеу, сенің алма... нешеу? 5. Аталардың сөз...— ақылдың көз... .

2. Көп нүктенің орнына тәуелдік жалғауларын қойып, көшіріп жазындар.

**152-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқындар.

1. Ұрлық, күш жұмсау, біреудің мүлкін өртеу — өте ауыр күнә.

2. Халқым барда қарным ашады деп қамықпа.

*(Сейіт Кенжахметов.)*

2. Қай сөздерде дыбыстық өзгерістер бар екенін айтындар.



**Сұрақтарға жауап беріңдер:**

1. Зат есім дегеніміз не?
2. Зат есімнің қандай түрлері бар?
3. Көптік жалғаулары қайсылар?
4. Қандай сөздер бас әріппен жазылады?
5. Тәуелдік жалғаулары дегеніміз не?
6. Қай жалғау түбір сөзге дауысты дыбыстан кейін жалғанғанда түбір сөздің соңғы буынындағы ы, і әріптері түсіп қалады?





## ЗАТ ЕСІМНІҢ СЕПТЕЛУІ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Қазақ тілінде 7 септік жалғауы бар.

№	Септік-тің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
1	Атау септік	кім? не? кімдер? нелер?	—	бала, іні, тал, көл, ат, көшет.
2	Ілік септік	кімнің? ненің? кімдердің? нелердің?	-ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің	баланың, інінің, талдың, көлдің, аттың, көшеттің
3	Барыс септік	кімге? неге? кімдерге? не- лерге? қайда?	-қа, -ке, -ға, -ге, -а, -е, -на, -не	атқа, көшетке, көлге, балаға, жа- ғама, жағасына
4	Табыс септік	кімді? нені? кімдерді? нелерді?	-ты, -ті, -ды, -ді, -ны, -ні, -н	атты, көшетті, талды, көлді, баланы, ініні, баласын.
5	Жатыс септік	кімде? кім- дерде? неде? нелерде? қайда?	-та, -те, -да, -де, -нда, -нде	атта, көшетте, талда, көлде, қолында, ізінде
6	Шығыс септік	кімнен? не- ден? кімдер- ден? нелер- ден? қайдан?	-тан, -тен, -дан, -ден, -нан, -нен	аттан, көшеттен, талдан, көлден, атасынан, көкесінен
7	Көмек-тес септік	кіммен? кім- дермен? не- мен? нелер- мен?	-мен, -бен, -пен	баламен, өгізбен, атпен

**Сөз бен сөзді байланыстыру үшін жалғанатын жалғауларды *септік жалғаулары* дейміз.**

**153-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып, *қала* деген сөзге жалғанған қосымшаларды бөліп жазыңдар.

1. Біздің ауылға қала жақын. 2. Жастар қалаға барып оқиды. 3. Менің қаланы көргім келеді. 4. Қалада биік-биік зәулім үйлер бар. 5. Біздің үйге қаладан қонақтар келді.

2. Жалғаулардың астын сызыңдар.

3. *Қала* деген бір сөзге әр түрлі жалғаулардың жалғанғанын байқаңдар.

**154-жаттығу.** 1. Өлеңді оқыңдар. Қарамен берілген сөздердің қай септікте тұрғанын айтыңдар.

## СЕПТЕУ

### Атау

Барлығына үлгі болар, қарақтар,  
Байсалды да ақылды да **Марат** бар.

### Ілік

Жеке басым ең алдымен **Мараттың**  
Жасы үлкенді сыйлағанын жараттым.

### Барыс

Сенбейсің бе күнделікті парақта:  
Талай «бестік» қойылыпты **Маратқа**.



### Табыс

Батыл емес дей алмайсың **Маратты**,  
Сол үйретті ауылдағы бар атты.

### Жатыс

Алғыссыз күн болған емес **Маратта**,  
Жетеді онда ынта, жігер, талап та.

### Шығыс

Қай өнер де табылады **Мараттан**,  
Ән салғанда жұртты аузына қаратқан.

### Көмектес

Міне, сондай жақсы бала **Маратпен**  
Дос бола алмай жүргендер де бар, әттең!

*(Қадыр Мырзалиев.)*

2. Қарамен берілген сөздерді төмендегі үлгі бойынша жазыңдар.

Үлгі: Марат — кім? Мараттың — кімнің?



**155-жаттығу.** Өлеңді мәнерлеп оқып шығыңдар.  
Өлеңнен атау септіктегі зат есімдерді теріп жазыңдар.

### МӘҢГІ ШЫРАҚ

Кешіріп бастан бұрқақ күн,  
Халқымыз алтын таң көрген.  
Келешегі үшін ұрпақтың,  
Әкелер біздің қан берген.

Қасиетті со бір жерлерде,  
Оранып жасыл гүл бақты.



Ескерткіш болған ерлерге  
Көрдің ғой мәңгі шырақты.

Өлмейді біздің әкелер,  
Өшпейді аты жоқ болып.  
Жүрегіндей Данконың,  
Жүрегі жанған от болып.

(Бәкір Тәжібаев.)

**156-жаттығу.** 1. *Аға, іні* деген сөздерге кесте бойынша септік жалғауларын жалға.

2. Әр септіктің жалғаулары әр түрлі екенін байқаңдар.

**157-жаттығу.** *Ғалым, өнер* деген сөздерді септеңдер. Әрбір септіктің жалғауларына көңіл бөліңдер.

**Септік жалғауының зат есімге жалғануы  
зат есімнің септелуі болып табылады.**

**158-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мәтінді көшіріп жазыңдар.

Нұрлан — мектептегі ең үздік ... бірі. Ол, әсіресе, ... сондай жақсы көреді. ..., үй ... қолы босай қалса болды, футбол ... жүгіреді. Содан болар, аяқ киімі тез-ақ тозады.

(Д. Аймағамбетова.)

Керекті сөздер: оқушылардың, футболды, сабақтан, шаруасынан, алаңына.



**159-жаттығу.** 1. Мына сөздерді септеңдер.

Қозы, лақ, көкек.

2. Атау септігінің жалғауы жоқ екенін ескеріңдер.

**160-жаттығу.** Септік жалғаулары жалғанған зат есімдерді іріктеп жазыңдар.

## БӨРІК

Ұлтымызға жарасатын бас киімнің бірі — бөрік. Оны ерлер де, қыздар да киеді. Бөрік сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіледі. Жиегіне қымбат бағалы аң және мал терілері ұсталады. Көмкерілген тері түрлеріне қарай кәмшат бөрік, құндыз бөрік, жанат бөрік, сусар бөрік, түлкі бөрік, күзен бөрік деп аталады.

*(Сейіт Кенжахметұлы.)*

Үлгі: ұлтымызға.

**161-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқып шығыңдар да көшіріп жазыңдар.

## ДОСТАРҒА

Достарым, келші қасыма,  
Сендерден жылу алам ғой.  
Жалғыздық берме басыма,  
Жалқының күні қараң ғой.

Қасынан өтсең үйімнің,  
Бізге бір соқпай кетпеңдер.



Алдыңа қойған сыйымды,  
Аз болса да көптей көр.

(«Балдырған» журналынан.)

2. Зат есімдерді тауып, астын сызыңдар. Асты сызылған зат есімдердің үстіне сұрақ жазыңдар.

3. Дауысты дыбыстардың буын жасаудағы мәнін түсіндіріңдер.



## АТАУ СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
Атау	кім? не? кімдер? нелер?	Жоқ	Ел, отан, арман, қиял, құс, ар-ман

**162-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Өнер — ағып жатқан бұлақ. Ілім — жанып тұрған шырақ. Арман — адамға қанат. Әдет — әдет емес, жөн — әдет. Ашу — дұшпан, ақыл — дос.

2. Атау септіктегі сөздердің астын сызыңдар.

3. Атау септіктегі сөздер негізгі зат есім бе, туынды зат есім бе?

**163-жаттығу.** 1. Атау септігіндегі зат есімдерді табыңдар.

- Тұтастай сөзді оқысаң,  
Ол ыдыс сусын тұратын.  
Екі шеткі әрпін қысқартсаң,  
Ең мейірімді жұратың.

(Шанаш — Ана)



2. Жалғыз ағаш ... болмас, жалғыз жігіт ... болмас.

3. ... алай-түлей борап тұр.

Тиісті сөздер: ел, ер, күн.

2. Атау септігіндегі тиісті сөздерді қойып астын сызыңдар.



**164-жаттығу.** 1. Жұмбақ пен жаңылтпашты оқып, атау септігіндегі зат есімдердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

Судан шашақ шашылар,  
Су тоқтаса, басылар.

(Ф...н)

Омартаға балалар барар,  
Балаларды аралар талар.



2. Атау септігіндегі сөздердің астын сызыңдар.

3. Көпше түрдегі зат есімдер қайсылар?

**165-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, нақыл сөздерді көшіріп жазыңдар.

Адам деген ардақты ... . Жақсы адам — ... ырысы. Әдептілік, ... — адамдықтың белгісі. ... қадірін жорықта білесің, ... қадірін соғыста білесің.

Керекті сөздер: елдің, ат, жолдас, ар-ұят, дос.

2. Ат, дос сөздерін тасымалдауға бола ма?

3. Ар-ұят, жолдас сөздері зат есімнің жекеше түріне жата ма, көпше түріне жата ма?

ар

жолдас

дос

**166-жаттығу.** Жұлдыз, ғарыш, жер деген сөздерді септеңдер.



## ІЛІК СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
Ілік септік	кімнің? кімдердің? ненің? нелердің?	-тың, -тің, -дың, -дің, -ның, -нің	ат-тың, күшік-тің, қаз-дың, көз-дің, баланың, іні-нің

**167-жаттығу.** Көп нүктенің орнына ілік септіктің тиісті жалғауын жалғап, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Оңалбек... екі әжесі бар. Біреуі — папасы... әжесі, екіншісі — мамасы... шешесі. Қарекең... демалысқа шыққанына он жыл болды. Бір күні қой..., бір күні сиыр... кезегіне барады.

**168-жаттығу.** Ілік септіктегі зат есімдерді теріп жазыңдар.

### ЖАҚСЫ СӨЗ

Әр жақсы сөз — ырысымның бір гүлі,  
Сонда емес пе екі адамның бірлігі?  
Сонда емес пе береке де, бақыт та,  
Соның күші — дүниенің тірлігі.

(Тұрап Айдаров.)

**169-жаттығу.** Төмендегі түбір сөздерге ілік септігінің жалғауларын жалғап көшіріңдер.

Аспан, өзен, бұлт, аяз, жұлдыз.





**170-жаттығу.** 1. Анаграммаларды оқындар.

С-дан егер бастасаң,  
Аты болар ұғымның.  
Бастасаң К-дан жаныңның  
Айнасы деп ұғынғын.

(Сөз – Көз)

2. Ілік септіктегі сөздердің астын сызындар.



## БАРЫС СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақ-тары	Жалғау-лары	Мысалдар
Барыс септік	кімге? кімдерге? неге? нелерге?	-қа, -ке, -ға, -ге, -а, -е, -на, -не	бала-ға, балалар-ға, кітап-қа, кітаптар-ға, дәптер-ге, аулым-а, үй-ге, інім-е

**171-жаттығу.** Көп нүктенің орнына барыс септіктің тиісті жалғауын жалғап, сөйлемдерді көшіріп жазындар.

1. Баласы отын... кетсе, бабасы көшеге сыймас.  
2. Жақсы адам... жау жоқ.  
3. Кәрі түлкі қақпан... түспес.  
4. Екі әтеш ен қора... сыймас.  
5. Су... кеткен тал қармар.  
6. Батыр... да жан керек.  
7. Оқу... бар ынта жігеріңді сал.

**172-жаттығу.** Өлеңді оқыңдар. Барыс септігіндегі зат есімдерге сұрақ қойып, жалғауларын дефис арқылы бөліп жазыңдар.

### ЖҮГІРЕМІЗ ӨЗЕН БОЙЛАП

Конькиге де, шаңғыға да, шанаға да  
Жоқ бүгін бір тыныштық.  
Өңкей жүйрік қара бала  
Төмен қарай өрден ұштық.

Содан кейін шаңғыларға  
Сөз тиеді кезегімен  
Ұшырамыз әнді де алға  
Ұшқырлыққа төзе білген.

(«Балдырғаннан».)

**173-жаттығу.** Барыс септіктегі зат есімдерді тауып, көшіріп жазыңдар.

1. Бибігүл ән-күйге, әуенге елеңдеп, өнерге деген бейімділігімен өзгешеленетін. 2. Ата-анасы асыл қасиеттерді қызына дарыта білді. 3. Адал еңбекке жастайынан үйретті. 4. Далаға тағы да көктем келіп, жауқазын қылтия бастады.

**174-жаттығу.** Төмендегі сөздерге барыс септігінің жалғауларын жалғап, көшіріп жазыңдар.

Бәтеңке, терек, қыс, көл.

**175-жаттығу.** Мына сөздердің жалғауларын ажыратып жазыңдар.

Шөптің, баланың, қаздың, көлдің, аттың, иттің, топыраққа, сайға, төске, қысқашқа, көріктің, жібекке, қамысқа, еңбектің.

Үлгі: шөп-тің, бала-ның, ...



## ТАБЫС СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
Табыс септік	кімді? нені? кімдерді? нелерді?	-ты, -ті, -ды, -ді, -ны, -ні, -н	атты, көшетті, талды, көлді, баланы, ініні, баласын.

**III жақтағы тәуелдеулі сөзге табыс септіктің жалғауы -н түрінде жалғанады.**

**176-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына табыс септіктің тиісті жалғауын қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. **Береке...** көктен тілеме, бірлігі мол, көптен тіле.

2. **Шындық жау...** да жығады, **қамал...** да бұзды.

3. **Елің...** сүйсең, ерлік істейсің.

4. **Жолдас қадірі...** жорықта білесің.

2. Қарамен жазылған сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**177-жаттығу.** 1. Өлеңді оқыңдар. Көп нүктенің орнына керекті зат есімдерді қойып көшіріп жазыңдар.

### ЕЛІКТЕУ

Сыйласаңыз ...-ды,  
Сыйлаңыздар ...-ды.  
Тал шашы жоқ, содан ба,  
Үлкен ғалым атанды.

*(Қадыр Мырзалиев.)*

Тиісті сөздер: атам, адам.

2. *Адам-ды, атам-ды,* деген сөздерге неліктен бірдей жалғау жалғанып тұр?

**178-жаттығу.** Өлеңді оқыңдар. Табыс септігіндегі зат есімдерге сұрақ қойып, табыс септік жалғауларын дефис арқылы бөліп жазыңдар.

Кірпігіңді қаққанша  
Бір күш бойы барғызар.  
Ескен желді артыңнан  
Қарсы алдыңнан тұрғызар,  
Зуылдаған екпіні  
Деміңді зорға алғызар.

*(Н. Байғанин.)*

**179-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, сөйлемді көшіріп жазыңдар.

1. Батырғ... да ж...н керек. 2. Темір...і қызған кезде с...қ. 3. Д...наның ақылы—дария, халықтың ақылы—мұхит. 4. ...лманың да қышқылы бар. 5. Е...бек мұратқа жеткізер.



## ЖАТЫС СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
Жатыс септік	кімде? кімдерде? неде? нелерде?	-та, -те, -да, -де, -нда, -нде	баста, төсте, қазда, желде, топырағында, желінде.

**180-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына жатыс септігінің тиісті жалғауын қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Дала... жапалақтап қар жауып тұр. 2. Жүрек... айтылмаған талай ой жатыр. 3. Көше... дұрыс жүр. 4. Клуб... концерт қойдық. 5. Басы... малақайы бар. 6. Портфелі... дәптері жоқ па?

2. Қарамен жазылған сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**181-жаттығу.** Төмендегі сөздерге жатыс септік жалғауларын жалғаңдар.

Асхана, асханасы, қол, қолы, теңіз, теңізі, ән, әні.

**182-жаттығу.** Төмендегі сөздерді септеңдер.

Қол, тау, орман.

**183-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздердің үстіне сұрақтарын қойып, түбір мен жалғауды біріктіріп жазыңдар.

Тұңғиық-та, концерт-те, Боқантау-да, Үшқұдық-та, Ташкент радиосы-н-да, Кенимех жастары-н-да.

2. Септік жалғауларының астын сызыңдар.



## ШЫҒЫС СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
Шығыс септік	кімнен? неден? қайдан?	-тан, -тен, -дан, -ден, -нан, -нен	құс-тан, көмпит-тен, қамыс-тан, сай-дан, жел-ден, ағасы-нан, інісі-нен

Тәуелдік жалғаулы сөзге шығыс септіктің жалғауы *-нан, -нен* түрінде жалғанады.

**184-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Аспаннан (қайдан?) тілегенімді жерден (қайдан?) таптым. 2. Өлі арыстаннан (неден?) тірі тышқан артық. 3. Ақыл бастан (неден?) шығады. 4. Өлімнен (неден?) ұят күшті.

2. Шығыс септікте тұрған сөздерді көшіріп жазыңдар.

**185-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына шығыс септіктегі сөздердің тиістісін қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Ауру... аяған күштірек. 2. Бұлақ тастақ жер... шығып жатыр екен. 3. Үш жолаушы бұлақ... қанғанша су ішеді.

(Ы. Алтынсарин.)

Тиісті жалғаулар: -ден, -тан, -дан.

2. Шығыс септік жалғауларының астын сызыңдар.



**186-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. ...дан кейін теңіз тынышталды. 2. Қойшылар ...нан соң қойларын жаюға шықты. 3. Бала торғайды ...дан алып, ұшырып жіберді. 4. Олар қиын ...дан өтті.

Тиісті сөздер: дауыл, боран, тор, асу.

**187-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп шығыс септігіндегі зат есімнің жалғауларын «+» белгісі арқылы теріп жазыңдар.

### ҚҰЛЫНШАҚ

Құлақ қадап құрақтан,  
Тұяқ киіп болаттан,  
Кекіл тағып үкіден,  
Түгін алып құндыздан,  
Көзін алып жұлдыздан  
Томағадан сауыр сап,  
Туды ма екен құлыншақ?!

*(С. Бегалин.)*

2. Енді бұл зат есімдердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

неден?

Үлгі: томаға + дан,



## КӨМЕКТЕС СЕПТІК

Септіктің аты	Сұрақтары	Жалғаулары	Мысалдар
Көмектес септік	кіммен? кімдермен? немен? нелермен?	-пен, -бен, -мен.	елек-пен, тұз-бен, көсеу-мен.

**188-жаттығу.** Жақшаның ішіндегі сұраққа жауап беретін сөздерді сұрақтың орнына қойып жазыңдар.

1. Қарсыбай (кіммен?) дос. 2. Ағасы (кіммен?) келді. 3. Көл де (немен?) көрікті. 4. (Немен?) сүртініңдер. 5. Анаға (немен?) шай бер. 6. Топырақты (немен?) қопсытамыз. 7. (Немен?) су құямыз.

Тиісті сөздер: інісімен, құрақпен, көкеммен, кесемен, сүлгімен, шелекпен, күрекпен.

ана

аға

**189-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті жалғауды қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Клубқа атам... бардым. 2. Ағашты сүргі... жонады. 3. Көгершіндер көк аспан... табысты. 4. Жоллаушылар... бірге біз де ұшақтан түстік. 5. Балалар мектепке жеңіл киім... баратын болды.

2. Зат есімдердің қай септікте тұрғанын айтыңдар.  
3. Көмектес септікте тұрған сөздерге сұрақ қойыңдар.





**190-жаттығу.** Түбір сөз бен тәуелдеулі сөздерді септеңдер. Түбір сөз бен тәуелдеулі сөздердің қай септіктерде тұрғанын айтыңдар.

№	Септіктің аты	Түбір сөз	Тәуелдеулі сөз
1	Атау септік	Домбыра	Домбырасы
2	Ілік септік		
3	Барыс септік		
4	Табыс септік		
5	Жатыс септік		
6	Шығыс септік		
7	Көмектес септік		

**191-жаттығу.** 1. Төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

Сұрақтар:

1. Мысық несімен ойнайды?
2. Ит несімен жүр?
3. Есек несімен су ішті?
4. Сиыр несімен бірге келді?
5. Қой несімен тұр?
6. Ешкі несімен оттады?

Керекті сөздер: күшігі..., мәуліші..., бұзауы..., қодығы..., лағы..., қозысы....

2. Бұл сөздерді сөз құрамына талдаңдар.

**192-жаттығу.** Асты сызылған зат есімдердің жалғауларын түбір сөзден бөліп айтыңдар.

Айдалада ақ отау  
Аузы, мұрны жоқ отау.

(Ж...а)

Әжемнің қолында шыр айналар,  
Шыр айналса, өзіне шыр байланар.

(Ұ...қ)

(Ескен Елубаев.)



## ЗАТ ЕСІМНІҢ ЖІКТЕЛУІ

**193-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Мен жылқышы... . 2. Сен шопан... . 3. Сіз кезекші... . 4. Мен де әкем сияқты сылақшы... . 5. Сен де ағаң секілді шахтёр... 6. Сіз Құлназар, Балтабай көкелерімдей ақын... .

**194-жаттығу.** Әр сөздің соңғы буынын түбір сөзден дефис арқылы бөліп жазыңдар.

1. Баласымын, баласымыз, баласысың.
2. Немересімін, немересісің, немересісіз.
3. Оқушымын, оқушысың, оқушысыз.

## ЖІКТІК ЖАЛҒАУЛАРЫ МЫНАЛАР:

### Жекеше түрі

I жақ -мын, -мін  
-бын, -бін  
-пын, -пін

II жақ -сың, -сің  
(анайы түрі)  
-сыз, -сіз  
(сыпайы түрі)

III жақ жалғауы жоқ

### Көпше түрі

-мыз, -міз  
-быз, -біз  
-пыз, -піз

-сың(дар), -сің(дер)  
(анайы түрі)  
-сыз(дар), -сіз(дер)  
(сыпайы түрі)

жалғауы жоқ

**195-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар. Көп нүктенің орнына тиісті жіктік жалғауын қойыңдар.

### БҰЛ ҚАЛАЙ?

Мен де бірі екен...,  
Қолды-аяққа тұрмастың.  
Айтуынша әкемнің,  
Құлыныммен құрдас... .

Желп-желп етіп тұлымым,  
Бәріне таң қаламын.  
Ат болды өсіп құлыным.  
Мен неге әлі бала...?!

(Қ. Мырзалиев.)

2. Бұл екі зат есім қай жақта тұр?



**Зат есімнің жай түрі мен тәуелдеулі түріне жіктік жалғаулары жалғанады: баламыз, ба-ласы-мыз, бала-сың, баласы-сың.**

**Зат есімге жіктік жалғауының жалғануын зат есімнің жіктелуі дейміз.**

**196-жаттығу.** Төмендегі сөздерді жіктеңдер.

Аға, ағасы, ата, атаң, әпке, әпкең.

Үлгі:

Жекеше:

I жақ (мен)	аға-мын	ағасы-мын
II жақ (сен)	аға-сың	ағасы-сың
(сіз)	аға-сыз	ағасы-сыз
III жақ (ол)	аға	ағасы

Көпше:

I жақ (біз)	аға-мыз	ағасы-мыз
II жақ (сендер)	аға-сыңдар	ағасы-сыңдар
(сіздер)	аға-сыздар	ағасы-сыздар
III жақ (олар)	аға	ағасы

**197-жаттығу.** 1. Тиісті сөздерді көп нүктенің орнына қойып, сөздерді көшіріп жазыңдар.

...мын, ...сың, ...сің, ...быз, ...сіңдер.

Тиісті сөздер: оқушы, бала, күйші, маман, егінші.

2. Жіктелген сөздердегі жіктік жалғауының астын сызыңдар.

**Зат есімге жіктік жалғауы жалғанса, онда ол зат есім сөйлемде баяндауыш болады: Мен студентпін. Сен чемпионсың.**

**198-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар. Жіктік жалғауы жалғанған сөздердің астын сызып, қай жақта тұрғанын үстіне жазыңдар.

1. Жақсыға қызбын, жаманға мұзбын. 2. Мен осы ауылда мақташымын. 3. Сіз ұшқышсыз ба? 4. Сендер аққорғандық диқансыңдар.

2. Жіктік жалғауы жалғанған сөздерді сөз құрамына талдаңдар.



**199-жаттығу.** Сөйлемде баяндауыш болып тұрған зат есімнің астын сызыңдар.

1. Менің әжем — зейнеткер. 2. Біз еліміздің тірегіміз. 3. Сен әскерсің. 4. Сіз балалар арқа сүйеген таусыз. 5. Мен сенің өміріңнің жалғасымын.

**200-жаттығу.** 1. Жіктік жалғауы жалғанған зат есімдерді теріп жазыңдар.

— Сіз кімсіз?

— Азаматпын.

— Азамат аға, осы елдің азаматысыз ба?

— Иә. Осы елдің азаматымын.

— Сіз әлгі өлең жазатын ақынсыз ба?

— Ақынмын.

2. Екі немесе одан да көп адамның сөйлескен сөзін не дейміз?

## Төмендегі сұрақтарға жауап жазыңдар.

1. Жіктік жалғаулары қайсылар?
2. Жіктік жалғауларының қандай түрлері бар?
3. Зат есімнің жай түрі мен тәуелдеулі түріне қандай жалғау жалғанады?
4. Зат есімнің жіктелуі дегеніміз не?
5. Зат есімге жіктік жалғауы жалғанса, онда ол зат есім сөйлемде қай мүше болады?



## СЫН ЕСІМ

**201-жаттығу.** 1. Төмендегі сұрақтарға ауызша жауап беріңдер.

1. Шиенің түсі қандай?
2. Әңгелектің түсі қандай?
3. Көмірдің түсі қандай?
4. Бордың түсі қандай?

2. Сұраққа жауап беретін сөздерді жазыңдар.

**202-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

1. Қалампыр ... екен. 2. Қарбыз ... болып шықты. 3. Ауа ... еді. 4. ... әңгелек әбден пісіпті.

Тиісті сөздер: тәтті, суық, ала, ащы.

2. Көп нүктенің орнына қойылған сөздердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**Заттың түрін, түсін, сапасын, дәмін, көлемін білдіретін сөздерді *сын есім* дейміз. Мысалы: *қызыл, ақ, қара, тәтті, үлкен, суық*. Сын есімдер *қандай?* деген сұраққа жауап береді.**

**203-жаттығу.** 1. Жақша ішіндегі көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Сөз балдан (...), тұздан (...).
2. (...) бойыңа сенбе, (...) ойыңа сен.
3. (...) бала — (...) бала. (...) бала — (...) бала.
4. (...) адамда жаттық жоқ.

Тиісті сөздер: ащы, тәтті, түймедей, түйедей, арлы, әдепті, арсыз, жақсы, әдепсіз.

2. Сөйлем бас әріппен басталатынын ұмытпа.

**Сын есім зат есімнен бұрын келеді. Мысалы:**

қандай? не?

1. Ақ ниет.

қандай? не?

2. Жирен ат.

ақ

ай

**204-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып көшіріп жазыңдар.

1. Қой ... жайылды.
2. Иқрам ... көмектесті.
3. Жануарлар ... жайылып жүр.

Тиісті сөздер: қозыларымен, көк майсада, анасына.



## НЕГІЗГІ СЫН ЕСІМ

Түбір қалпындағы (ақ, сары, таза, кір) сын есімді *негізгі сын есім* дейміз.

**205-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына *қандай?* деген сұраққа жауап беретін сөз қойып жазыңдар.

... ауыл, ... түйе, ... қауын, ... күрек, ... алхоры, ... тәуше, ... қағаз, ... көмір.

Керекті сөздер: өркешті, таныс, үлкен, мазасыз, қышқыл, қара, ақ.

2. Зат есімдердің астын сызыңдар.

**206-жаттығу.** Зат есімдердің түсін білдіретін сөздерді өз алдына, көлемін білдіретін сөздерді өз алдына көшіріп жазыңдар.

Кең көше. Жасыл желек. Аласа үй. Ақ мақта. Ірі мал. Қызыл гүл. Биік тау. Ала бұзау. Терең құдық.



**207-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып шығып, көшіріп жазыңдар.

Көктем қандай көңілді,  
Күміс жаңбыр төгілді.  
Мөлдір аспан ашылып,  
Күннің көзі көрінді.

2. Өлеңдегі сын есімдердің астын сызыңдар.



## ТУЫНДЫ СЫН ЕСІМДЕР

**208-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Балалы үй — базар. 2. Баласыз үй қызықсыз. 3. Сүтті сиыр өрістен оралды. 4. Ұқыпты бала ұтады. 5. Күлшелі апай үйге қарай беттеді.

2. *Балалы, баласыз, сүтті, ұқыпты, күлшелі* сөздерінің түбірі қайсы, қосымшасы қайсы?

3. Сын есімдердің астын сызыңдар.

Зат есімге және одан басқа да түбір сөздерге жұрнақ жалғану арқылы жасалған сын есімді *туынды сын есім* дейміз. Туынды сын есімдер -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -шаң, -шең, -шыл, -шіл, -тым, -тім сияқты жұрнақтар жалғану арқылы жасалады.

**209-жаттығу.** 1. Сөздерді оқып, сын есімнен сын есім жасалу жолдарын байқаңдар.

Негізгі сын есім	Жұрнақтар	Туынды сын есім
кір	-шең	кіршең (киім)
жаңа	-шыл	жаңашыл (адам)
көк	-шіл	көкшіл (көйлек)
қышқыл	-тым	қышқылтым (алма)

2. Жұрнақ жалғанған соң түбір сөздің мағыналық өзгеріске ұшырағанына көңіл бөліңдер.

**210-жаттығу.** Өлеңді оқып, көшіріп жазыңдар. Негізгі сын есімдердің астын бір рет, туынды сын есімдердің астын екі рет сызыңдар.

## ҚЫС

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
 Соқыр, мылқау танымас тірі жанды.  
 Үсті-басы—ақ қырау, түсі суық,  
 Басқан жері сықырлап келіп қалды.  
 Дем алысы—үскірік, аяз бен қар,  
 Кәрі құдаң—қыс келіп, әлек салды.

*Абай.*

**211-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып шығыңдар. Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойыңдар.

Бұта басы ... қырау  
 Бұлттан ... жас тамды.  
 Құстар қайтқан кез мынау,  
 Әнмен тербеп аспанды.

Керекті сөздер: мұздай, боз.

2. Боз, мұздай сөздері қай сөздермен байланысып тұр?

**212-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сын есімдерді қойып жазыңдар.

1. Айдың он бесі ..., он бесі... .

2. ... ауруға ... ас.

3. Ақылы ...ның тілі... .

4. ... үйдегі езу тартса, ... үйдегі күледі.

Керекті сөздер: жарық, қараңғы; жаман, жақсы; кіші, үлкен; ұзын, қысқа.

**213-жаттығу.** 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

Терең. Ақ. Тұщы. Алыс. Жұқа. Сопақ. Әдемі. Нашар. Сұлу. Жасыл. Бұжыр. Уақ. Ірі. Ауыр. Салтақ. Ұзын. Топас. Кеше. Жеңіл. Биік. Аласа. Таяз. Таза.

2. Осындағы *ауыр*, *терең*, *сұлу* сөздеріне қарама-қарсы мағына беретін сөздер қайсылар?



**Сұрақтар мен тапсырмалар:**

1. Сын есім дегеніміз не?
2. Сын есім қандай сөздермен байланысады?
3. Заттың түрін, түсін, дәмін, көлемін, сапасын білдіретін сөздерді айтыңдар.
4. Туынды сын есім қалай жасалады?
5. Жұрнақ дегеніміз не?
6. Жалғау дегеніміз не?

мұғалім

білім



## САН ЕСІМ

**214-жаттығу.** 1. Мәтінді көшіріп жазыңдар.

### СЕН БІЛЕСІҢ БЕ?

1 тонна мақтадан 3 мың 400 метр кездеме тоқылады, 94 килограмм май, 135 килограмм талшық алынады.

\* \* \*

Пияздың пайда болғанына 40 ғасырдан астам уақыт өтіпті.

\* \* \*

Жер бетінде пияздың 500 түрі бар.

2. Қанша? неше? дейтін сұрақтарға жауап беретін сөздердің астын сызыңдар.

**215-жаттығу.** 1. Жұмбақты оқып, қанша? неше? дейтін сұраққа жауап беретін сөздерді цифрмен жазыңдар.

### ЖҰМБАҚ

1. Жетпіс аяқ бауырында,  
Екі қолы жауырында.

*(Ағаш кесетін ара)*

2. Бес балаға бір қора.

*(Қолғап)*

*(Жинаған Қыдырәлі Саттаров.)*

2. Осы жұмбақтардағы сан есімдердің қай сөзге қатысты екенін айтыңдар.

**216-жаттығу.** Суретке қарап, не және кім бейнеленгенін айтыңдар.



1. Суретте неше оқушы бар?
2. Қыздың қолында неше қызғалдақ бар?
3. Бала, қыз сөздеріне дыбыстық талдау жаса.

**217-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығыңдар.

Мамасы Ырысбектің қолына екі алма ұстатты.  
— Досқа бергенің, босқа бергенің емес. Дұрыс істегенсің. Мына алманың біреуін өзің же де, біреуін досыңа бер.

— Мама, менің досым жалғыз емес.

— Енді қанша?

— Бесеу.

— Олар кімдер?

— Асқар, Ғабиден, Сейіт, Бауыржан, Дінмұхамед.

Шешесі бес алма берді.

Ырысбек алмаларды қалтасына салып, үйден шықты.

(М. Төрежанов.)

2. Сан есімді тауып, сұрақ қойыңдар.

3. Мәтінге тақырып қойыңдар.



**Заттың санын, ретін білдіретін сөздерді сан есім дейміз.**

**Сан есімдерге қанша? неше? нешінші?** деген сұрақтар қойылады? Мысалы: бір тілек, екі кітап, үшінші бала.

**218-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді қойып жаз.

- ... ауыз сөздің тобықтай түйіні бар.
- ... саусақ бірдей емес.
- ... ақшаң болғанша ... жолдасың болсын.
- Білекті ... жығады, білімді ... жығады.
- ...қа келгеннен ақыл сұра.
- ... рет өлшеп, ... рет кес.
- ... ағашты ... балта кеседі.

Тиісті сөздер: тоқсан, бес, жүз, бір, бірді, мыңды, алпыс, жеті, бір, мың, бір.

**219-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Жетінші күн. 2. Екінші вагон. 3. Отызыншы үй. 4. Алтыншы сұрақ. 5. Екі кітап. 6. Сегіз үстел.

2. Қай сөздерге нешінші? деген сұрақ қоюға болады?

**220-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып, көшіріп жазыңдар. Сан есімдердің астын сызыңдар.

## КИМ ЖЫЛДАМ ЕСЕПТЕЙДИ?

— Екі қолда қанша саусақ? 10 қолда қанша саусақ? 2 мүйізтұмсықта 2 мүйіз, 100 мүйізтұмсықта қанша мүйіз болады?

2. Сан есімдерге сұрақ қойыңдар.



Сан есімдер *есептік* және *реттік* сан есім болып екіге бөлінеді.

Негізгі түбір қалпындағы сан есімдер *есептік сан есім* болады. Мысалы: бір, үш, сегіз, алпыс, тоқсан, жүз.

Реттік сан есім есептік сан есімге -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнақтарын жалғау арқылы жасалады. Мысалы: тоғызыншы, бесінші.

**221-жаттығу.** 1. Жаңылтпаштарды көшіріп жазыңдар.

### ЖАҢЫЛТПАШ

Екеуінің жасы шамалас,  
Бірінің шашы—қара шаш,

2. Есептік сан есімдердің астын сызыңдар.
3. Оларға сұрақ қойыңдар.
4. *Екі, бір* сөздеріне дыбыстық талдау жаса.

**222-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқып, сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Дүйсенбі аптаның нешінші күні?
2. Анаң нешінші жылдың нешінші айы, нешінші күнінде туылған?

3. Қыс — жылдың нешінші мезгілі?
4. Сен нешінші сыныпта оқисың?

2. Жауаптарыңды жазып, сан есімдердің астын сызыңдар.

**223-жаттығу.** Суретке қарап, не және кім бейнеленгенін айтыңдар.



**224-жаттығу.** 1. Сан есімдерге *-ыншы*, *-інші* жұрнақтарының тиістісін жалғаңдар.

1. Ақпан — қыстың ек... айы. 2. Дүйсенбі — аптаның бір... күні. 3. Қыркүйек — тоғызыншы ай. 4. Он... айдың аты не деп аталады? 5. Қыс — жылдың төрт... мезгілі.

2. Жұрнақтардың негізгі түбірі жуан немесе жіңішке болып жалғану себепін түсіндіріңдер.



апта

ақпан



**Реттік сан есімдер цифрмен жазылған кезде, -ыншы, -інші, -ншы, -нші, яғни жұрнақтарының орнына жарты сызықша дефис (-) белгісі қойылады. Мысалы: 5-қатар, 3-орын, 1-апта, 2-күн.**

**225-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сан есімді жаз.

Аптаның ... күні — сәрсенбі, ... күні — жексенбі. Бүгін бізде ... сабақ болған жоқ. Айгүл ... қатарда ... партада отырады.

Тиісті сөздер: үшінші, жетінші, бірінші, екінші, төртінші.

**226-жаттығу.** Сөзбен берілген реттік сан есімдерді цифрмен жазып, -ыншы, -інші, -ншы, -нші жұрнақтарының орнына дефис қойыңдар.

1. Бірінші, үшінші, бесінші, жетпіс бірінші, сексен үшінші, тоқсан бесінші, жетпіс алтыншы.

2. Оныншы, тоғызыншы, алпысыншы, мыңыншы.

**227-жаттығу.** 1. Есептік сан есімдерден реттік сан есім жасайтын жұрнақтарды дефис арқылы бөліп жазыңдар.

Үшінші, он бірінші, он тоғызыншы, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші.

2. Реттік сан есім қалай жасалады?

**228-жаттығу.** Төмендегі кестеде есептік сан есімге *-ыншы, -інші, -ншы, -нші* жұрнақтарын жалғау арқылы реттік сан есім жасалғанын байқаңдар.

Есептік сан есім	Жұрнақтар	Реттік сан есім
Бір	-інші	бірінші
Екі	-нші	екінші
Үш	-інші	үшінші
Алты	-ншы	алтыншы
Тоғыз	-ыншы	тоғызыншы
Он	-ыншы	оныншы

**229-жаттығу.** 1. Төмендегі есептік сан есімдерден реттік сан есім жасаңдар.

2, 4, 6, 8, 10, 11, 19, 21, 42, 55, 60.

2. Сан есімдер нешеге бөлінеді?



## ЕТИСТІК

Іс-әрекет, қимыл-қозғалыс, әрекеттерді білдіретін сөздерді естеріңе түсіріп көріңдерші.

**230-жаттығу.** 1. Мәтінді оқыңдар.

*қайтті?*

Тырналар келді?

*не істеді?*

Олар көкте қиқулады.



*қайтіп жүр?*

Одан арыда нәуірзек ұшып жүр.

**не істеді?**

Балалар құстарды қарсы алды.

2. Қимылды білдірген сөздердің астын сызыңдар.

3. Олардың қайсы затқа тиісті екенін айтыңдар.

**231-жаттығу.** 1. Сурет бойынша заттың қимылын білдіретін сөздерді қатыстырып сөйлем құраңдар.



2. Заттың қимылын білдіретін сөздерге тиісті сұрақтар қойыңдар.

Тиісті сөздер: жылыжай, келді, жылынды, пісті, тердік.

3. Құрастырған әңгімелеріңе тақырып қойыңдар.

**232-жаттығу.** 1. Жұмбақтарды оқып, шешуін табыңдар.

Бетін адам ашады  
Білім нұрын шашады.

(К...п)

Уақытты өлшеп, санап,  
Таппайды бір тағат,  
Бұл не сонда.

(С...т)

2. Қарамен жазылған сөздерге тиісті сұрақ қойыңдар.

Заттың қимылын, іс-әрекетін білдіретін сөздерді етістік дейміз. Етістіктерге *не істеді?, қайтті?, неғылды?,* тағы басқа да сұрақтар қойылады.

— Қоңырау неғылды? — Қоңырау соғылды.

— Мұғалім не істеді? — Мұғалім сабаққа кірді.

**233-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Мектептен сөмке ұстаған үш бала шықты. Есіктен шыға берісте үшеуі де жерге еңкейді. Балалар баспасын деп, жерде жатқан нан ұсақтарын теріп алды.

Өздерінің бұл ісіне үшеуі де қуанды.

2. Етістіктерге сұрақ қойып, қимылды білдіретін сөздердің астын сызыңдар.



**234-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

Алтын күз ... . Ағаш жапырақтары ... .  
Гүлзардағы хризантема, қоқангүл, қашқаргүл  
гүлдерін жылыжайға ... . Жылыжайдың іші әдемі  
... . Аула сыпырушыға ... , жапырақтар ... .

Тиісті сөздер: сарғайды, келді, болып кетті, өткіздік, жинадық, көмектестік.

2. Мәтінге мағынасына орайластырып ат қойып көріңдер.

**235-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді тауып жазыңдар.

1. Асан Үсенге желім ... .
2. Екеуі қуыршақ ... .
3. Алтынбек еден ... .
4. Ол қолы бос кезде анасына ... .

2. Етістіктер қандай мағына білдіреді?

3. Етістіктің қандай сұрақтары бар?

**Етістіктер дара (күлді, ойнады, жазды) және күрделі (алып келді, сайрап тұр, біліп тұр) болып екіге бөлінеді.**

**236-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріңдер.

1. Апам ет асты.
2. Көкем палау пісірді.
3. Әпкем балық қуырды.
4. Ағам отын тасыды.

2. Не істеді? дейтін сұраққа жауап беретін сөздердің астын сызыңдар.



**237-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, көшіріп жазыңдар.

Алтынды еріте білмеген ...

Теріні илей білмеген ...

Ата көрген оқ ...

Ана көрген тон ...

Жарылғанды жау ...

Керекті сөздер: ірітеді, пішеді, шірітеді, алады, жонады.

2. Дара етістіктердің астын сызыңдар.

**Күрделі етістіктің құрамындағы сөздер бөлек жазылады. Мысалы: *келе жатыр, ойнап болды.* Күрделі етістіктің құрамында кемінде екі сөз болады.**

**238-жаттығу.** 1. Көп нүктелердің орнына керекті сөзді қойып, көшіріп жазыңдар.

Көктем де ... . Оған Айтбай ағам мәз ... .

Өйткені, інісі Хамит ауылға ... . Жаңа қоныс ... .

Мамыр айында қоныс тойы ... .

Керекті сөздер: болып отыр, келіп жетті, құтты болады, болып өтеді, қоныс аударды.

2. Күрделі етістіктердің астын сызыңдар.

**239-жаттығу.** 1. Дара етістіктің астын бір рет, күрделі етістіктің астын екі рет сызыңдар. Үстіне сұрақтарын қойыңдар.

Кенбай аға ауылда тұрады. Кенимехтегі үйінің алдында бұлақ ағып жатыр. Оның суы күмістей жылтырайды. Соны көріп, анасы—Қырмызы апай күліп тұр.

2. Мәтінге тақырып ойлап табыңдар.
3. Қандай сөздерді етістік дейміз?



## БОЛЫМДЫ ЖӘНЕ БОЛЫМСЫЗ ЕТІСТІКТЕР

Етістіктер болымды (*айт, біл, ойна, секір*) және болымсыз (*айтпа, білме, ойнама, секірме*) болып екіге бөлінеді.

Болымды етістікке *-ма, -ме, -па, -пе, -ба, -бе* жұрнақтарының жалғануы арқылы болымсыз етістік жасалады.

**240-жаттығу.** 1. Салыстырып оқыңдар.

Болымды	Жұрнақ	Болымсыз етістік
көр	ме	көрме
көрін	бе-ді	көрінбеді
айт	па	айтпа
айт	па-ды	айтпады
таста	ма-дың	тастамадың

2. Болымсыз етістіктер қалай жасалған?
3. Жұрнақтан кейін жұрнақ жалғанатынын есте сақтаңдар.

**Болымды етістіктер қимыл мен істің болғаны мен орындалғанын, атқарылғанын білдіреді.** Мысалы: келді, отырды, жазды, атқарды, болды.

**Болымсыз етістіктер қимыл мен істің болмағанын, орындалмағанын, атқарылмағанын білдіреді.** Мысалы: келмеді, отырмады, жазбады, атқармады, болмады.

**241-жаттығу.** 1. Етістіктерді салыстырып оқыңдар. Қандай айырмашылық байқадыңдар?

Үсен қуанғаннан Нұриддиннің үйіне барды. Бірақ Бердияр болмады. Үсен әкесінің сәлемін жеткізді. Жазып берген хатын тапсырды. Нұриддин аға да Үсенге хат тапсырды. Үсен қайтар жолда хатты ашып оқымады.

2. Мәтінге тақырып ойлап табыңдар.
3. Қай етістік болымды мағынада айтылады?
4. Қай етістік болымсыз мағынада айтылады?

**242-жаттығу.** Болымсыз етістіктерді тауып, негізгі түбірден жұрнақтарды дефис арқылы бөліп жазыңдар.

1. Қасықтап жинағанды шөміштеп төкпе.
2. Тігілмеген етігінді мақтама.
3. Би болмасаң болма, би түсетін үй бол.
4. Есек барға саналса да, малға саналмайды.



**243-жаттығу.** Болымсыз етістіктерді болымды етістікке айналдырып жазыңдар.



Оқытпады, жазбады, істемеді, емдемеді, күреспеді, жаумады, терлемеді, білмеді.

Үлгі: Оқыт-па-ды — оқытты.

**244-жаттығу.** Болымды етістіктерді -ма, -ме жұрнақтарын жалғап, болымсыз етістікке айналдырыңдар.

Тұрды, сайрады, маңырады, тулады, келе алды, қыңқылдады, шықылықтады, шаштық, күркіреді, сіркіреді.

Үлгі: тұрды — тұр-ма-ды, ...

**245-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді қатесіз көшіріңдер.

1. Қойлар жүрісті азайтты. 2. Көктем айы жазға айналып кетті. 3. Аспанда ақ бұлттар жылжып барады. 4. Біздің ел егін егеді, мал өсіреді. 5. Барлық жерде тазалық сақталған.

2. *Азайтты, айналып кетті* сөздерін болымсыз етістікке айналдырыңдар.



## НЕГІЗГІ ЖӘНЕ ТУЫНДЫ ЕТІСТІКТЕР

**246-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп жазып, етістіктердің астын сызыңдар.

### ҚАЛАМНЫҢ АРЫЗЫ

—Танысқанда Қалаумен  
Әдемі ағаш қалам ем...  
**Көріп едім** досымдай,  
**Халге жеттім** осындай.



Желкемді жеп бітірді,  
Тұмсығыма түкірді.  
Тұла бойым күстенді.

(Т. Нұрмұхамедов.)

2. Қарамен жазылған сөздердің ішінде болымды етістіктер бар ма? Оларды қалайша болымсыз етістікке айналдыру керек?

Етістіктер негізгі етістіктер және туынды етістіктер болып екіге бөлінеді.

Түбір қалпындағы (*бер, ал, іш, көр*) етістіктер негізгі етістіктер болады.

Етістікке және басқа сөздерге (*шеге-ле, ой-ла-н, арман-да*) жұрнақтар жалғану арқылы жасалған сөздер туынды етістіктер болады.

**247-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті жұрнақтарды жалғап жазыңдар.

1. Әрқашан ініңді жетек... . 2. Жастыққа жан-бас... . 3. Биік мақсаттарды көз... . 4. Бір-біріңді қол... . 5. Үйдің алдын асфальт... .

2. Етістіктердің үстіне сұрақтарын жазыңдар.

**248-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, қатесіз көшіріп жазыңдар.

1. Қызыл шарды ... . 2. Күшік бөтен итке ...  
. 3. Шыршықтан балық ... . 4. Балықты тезірек ...  
. 5. Ата-ананың сенімін ... .

Керекті сөздер: шәуілдеді, үрле, ұста, ақта, тұзда.

Үлгі: Қызыл шарды үрле.

2. Туынды етістіктердің астын сызыңдар.

**249-жаттығу.** Зат есімдер мен етістіктерді қатыстырып, сөйлем құраңдар.

Зат есімдер: тамағы, өрік, етік, отын, шымшық, от.

Етістіктер: үрле, шықылықтады, арала, майла, жартылап қалды.

Үлгі: Тамағы жартылап қалды.



**250-жаттығу.** Қарамен жазылған сөздердің қайсысы заттың атын, қайсысы қимылын білдіреді?

Далада жаңбыр жауды. Торғайдың балапаны су кешті. Ары-бері шапқылады.

Енесі:

— Ұяға кір, суық тиеді! — деді.

Балапан тыңдамады. Кешке жақын балапанның басы ауырды. Енесі дәрігер шақырды.

**251-жаттығу.** 1. Төмендегі сөздерді байланыстырып жазыңдар.

1. Орналасқан, Боқан таудың, біздің ауыл, баурайында.

2. Жақын, күн суытты, кешке.

3. Түнде, қорада тұрады, қойлар, жылы.

2. Етістіктердің астын сызыңдар.

3. Боқан тауы қай жерде?

## Сұрақтар мен тапсырмалар:

1. Етістік дегеніміз не?
2. Етістіктерге қандай сұрақтар қойылады?
3. Дара етістік пен күрделі етістіктің арасында қандай айырмашылықтар бар?
4. Қай етістіктің құрамында кемінде екі сөз болады?
5. Болымсыз етістік қалай жасалады?
6. Негізгі етістік дегеніміз не?
7. Туынды етістіктер қалай жасалады?



## СӨЗ ТАПТАРЫ БОЙЫНША ӨТКЕНДЕРДІ ҚАЙТАЛАУ

**252-жаттығу.** 1. Сөздерді көшіріп жазыңдар.

Жұмыс-шы-лар  
Балық-шы-лар  
Қой-шы-лар

Жібек-ші-лер  
Күріш-ші-ге  
Кезек-ші-міз

2. Бұлар қандай сөздер? Заттың несін білдіріп тұр?
3. Дефис арқылы бөлінген түбір сөздің астын бір рет, қосымшалардың астын екі рет сызыңдар.

**253-жаттығу.** Төмендегі зат есімдердің түбірі мен қосымшаларын ажыратып жазыңдар.

Күйші. Күйшіге. Бейнетшіл. Бейнетқор. Аудан.  
Аудандық. Қойшы. Қойшыларға. Жүргізуші. Жүргізушіні.

Үлгі: Күй-ші-ге.

**254-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына төмендегі зат есімдерді қойып жазыңдар.

Құлын ... жеткізеді.

Тай ... жеткізеді.

Құнан ... жеткізеді.

Дөнен ... жеткізеді.

Ат ... жеткізеді.

Керекті сөздер: атқа, дөненге, тайға, мұратқа, құнанға.

2. Жалғау дегеніміз не?



**255-жаттығу.** Мәтіндегі көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңдар.

...ыл сайын жақсы істер атқарылуда. Оның басы-қасында әдемі, қара шашты ...ұрлан. Бұл ...ұрлан дегеніңіз ...ұрланып қояды. Халыққа жақсы іс істеген адам жаман болмайды. Иә, Нұрланнан ...ақыт та, ...ұлтан да, ...сет те үлгі алуға тиіс.

Тиісті әріптер: Н, Ж, Б, С, Ә.

**256-жаттығу.** 1. Қандай? деген сұрақ қоюға болатын сөздерді табыңдар.

Аласа талда

Алуан алма.

Алқызыл болмай,

Аузыңа салма.

(Қызанақ)



Жалпақ желке, сопақ бетті,  
Орманымды отап кетті.

(Балта)

2. Қандай? дейтін сұраққа жауап беретін сөздердің қай затқа қатысты екенін айтыңдар.

**257-жаттығу.** Сын есімдерді зат есімдермен тіркестіріп жазыңдар.

1. Өткір, сопақ, сыңар, ақ, айнадай, арам.
2. Пышақ, бет, құлақ, толқын, көл, шөп.



Үлгі: өткір пышақ, ...

**258-жаттығу.** Төмендегі сөздерді ретімен байланыстырып жазыңдар.

1. Бар, үлкен мектеп, жол жағасында.
2. Табаны, боз жорғаның, жалпақ.
3. Іші, көңілді, қалың тоғай.
4. Қара жерді, қақ айырып, барады, тракторлар.

**259-жаттығу.** 1. Көшіріп жазып, дара сан есімдердің астын бір рет, күрделі сан есімдердің астын екі рет сызыңдар.

Бір үйрек көлге қонды. Он сегіз аққу аспанда ұшып барады. Оларға үш оқушы жота үстінде қарап тұр. Біраздан соң үш оқушыға он екі оқушы қосылды. Сонда оқушының саны он бес болады.

2. Күрделі сан есімдердің құрамында кемінде қанша сөз болатынын еске түсіріңдер.

**260-жаттығу.** Мәтінді оқып, болымсыз етістіктерді табыңдар да, оларға тиісті сұрақтар қойыңдар.

Тамақ ішкенде сылпылдатып ұрттап, сылқылдатып жұтпа.

Тамақ ішіп отырып тамсанба: танауыңды, тісіңді шұқылама.

Дастарқан үстінде ыдыс-аяқты сылдырлатпа.

Ыдыс түбін жалап-жұқтама.

Дастарқанға қарап, тұмсығыңды шүйірме.



**261-жаттығу.** 1. Дара етістіктің астын бір рет, күрделі етістіктің астын екі рет сызыңдар.

1. Күн күліп тұр. 2. Бір шөкім бұлт тауға қарай бара жатыр. 3. Қауындар түйнектейді. 4. Қозалар көсектей бастады. 5. Мақталықтың етек жағында Қарасу ағып жатыр.

2. Етістіктерге сұрақ қойыңдар.

3. Етістіктер сөйлемнің басында келіп тұр ма, әлде соңында ма?

күн

тау

ақ

бидай

**262-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

1. Бір кезде Ерден орнынан ..., төсек-орнын жинады. 2. Аяғына шаңғы ..., шамалы ғана ойнады. 3. Ол жақсы ..., жылы-жұмсақ тамақ ішкенді

ұнатады. 4. Арбада ән ..., қиялында әрнені армандап көңлі тасыды. 5. Естайдың көзі ..., бойын ашу қысқандай болды.

Тиісті сөздер: байлап, тұрып, тыңдап, киініп, шатынап.



## СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

### СӨЙЛЕМ

Әрбір сөйлем аяқталған тиянақты ойды білдіреді. Мысалы: Мүйізсіз сиырды тоқал сиыр дейді.

Әр сөйлем бас әріппен басталады. Мысалы: Сиырдың тұяғы айыр болады.

**263-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығындар.

### БІЗДІҢ ҚУАНЫШЫМЫЗ

Биыл біздің Алмалы ауылындағы мектептің оқушылары зор қуанышқа бөленді. Өйткені, ауылдың ортасынан үш қабатты еңселі биік үй салынды. Бұл жаңа мектеп еді. Жаңа оқу жылын да сол мектепте бастадық.

(«Балдырған» журналынан.)

2. Бірінші сөйлем мен екінші сөйлемде қандай тиянақты ой айтылған?

3. Әрбір сөйлем қандай әріппен басталған?



**264-жаттығу.** 1. Мәтіндегі сөйлемдердің соңында дауысты бәсеңдетіп оқыңдар және кідіріс жасаңдар.

## ТУҒАН КҮН

Майраның туған күні еді. Балалар үйге кіргенде, «Қамажай» әні ойналып жатыр екен. Рәбиға мен Рахила қосылып ән шырқады. Бәріміз ойнадық.

Мамасы балаларды дастарқанға шақырды. Гүлшара балалар атынан «Тоты құс» кітабын сыйлады. Бәріміз Майраны туған күнімен құттықтадық.

2. Мәтінде сұраулы, лепті сөйлемдер бар ма?

**265-жаттығу.** 1. Мәтінді оқыңдар. Әр сөйлемді оқыған соң кідіріс жасаңдар.

## КӨМЕКТЕСТІК

Біз үш қыз едік. Театрға кетіп бара жатқанбыз. Қарсы алдымыздан жалғыз өзі үлкен ағашты көтере алмай, қиналып жатқан қарияны көрдік. Біз қарап тұрмадық. Атайға көмектесіп, ағашын үйіне дейін жеткізісіп бердік. Атай разы болып, алғысын айтты.

*(«Балдырған» журналынан.)*

2. Әрбір сөйлемнің аяқталған тиянақты ойды хабарлап тұрғанын қалай байқадыңдар?

3. Мәтіндегі сөйлемдердің соңына бірдей тыныс белгісі қойылғанын аңғарыңдар.



## ХАБАРЛЫ СӨЙЛЕМ

Бір нәрсе жайлы хабарлай айтылған сөйлемді *хабарлы сөйлем* дейміз.

Хабарлы сөйлемнен соң нүкте (.) белгісі қойылады.

Мысалы:

1. Мектебіміздің ауласына гүл ектік.
2. 3-сынып оқушылары 100 дана өрік көшетін отырғызды.

**266-жаттығу.** Кесте арқылы сөйлемдердің неше сөзден құралатынын біліп алыңдар.

№	Сөйлем	Сөйлем неше сөзден құралған?
1.	Көктем келді.	2 сөзден
2.	Жер беті көгерді.	3 сөзден
3.	Бекет ата — ұлы адам.	4 сөзден
4.	Қазанғап — халқымыздың атақты шебер күйшісі.	5 сөзден

**267-жаттығу.** 1. Суретке қарап сөйлем құраңдар.



2. Әрбір сөйлем неше сөзден құралған?

3. Ол қандай ойды білдіреді?

**268-жаттығу.** Мәтіндегі сөйлемдерді соңында дауысты бәсеңдетіп оқып, көшіріп жазыңдар.

Әнуарды барлығы құрметтейді. Неге? — деп сұрайсыңдар, әрине. Әнуар — тәртіпті, әрі әдепті бала. Қолынан келгенінше барлық адамға жәрдемдеседі.



## СҰРАУЛЫ СӨЙЛЕМ

Жауап алу мақсатында айтылған сөйлемді *сұраулы сөйлем* дейміз.

Сұраулы сөйлемнің соңына сұрақ белгісі (?) қойылады.

Жеке тұрғанда мағына бермейтін *ма, ме, па, пе, ба, бе* сөздері сұраулы сөйлем жасайды да, бөлек жазылады.

Мысалы: 1. Қоңырау соғылды ма?

2. Оқушылар сыныпқа кірді ме?

**269-жаттығу.** 1. Сұрақтарға жауап қайтарыңдар. Жауапты қайтарғанда, дауысты бәсеңдетіп оқыңдар.

1. Сен қайда жасайсың?
2. Жанұяңда неше адам бар?
3. Сенің әкең қайда істейді?
4. Анаңның аты кім?
5. Сенің досың кім?
6. Досың нешінші сыныпта оқиды?

Үлгі: Сен қайда жасайсың? — Мен ауылда жасаймын.

2. Сөйлем аяқталған соң кідіріс жасаңдар.

**270-жаттығу.** 1. Өлеңнің 1, 3, 5, 7-жолдарының соңына қандай тыныс белгісі қойылған?

### МЕН

- Кәмпит жейтін кім бар?
- Мен! — деді Гүлнәр.
- Бізде сұлу кім бар?
- Мен! — деді Гүлнәр.
- Бізде ақылды кім бар?
- Мен! — деді Гүлнәр.
- Бізде аңқау кім бар?
- Мен! — деп қалды Гүлнәр.

*(Серікбай Оспанов.)*

2. Өлеңнің 2, 4, 6, 8-жолдарында нешеден тыныс белгісі бар?

3. Тақ жолдар мен жұп жолдардың соңындағы тыныс белгілерді айырыңдар.

**271-жаттығу.** Сұраулы сөйлемдерге жауап жазыңдар.

1. Өзбекстан Республикасының Тәуелсіздік күні қай күн?

2. Өзбекстан Республикасының Конституциясы 1992 жылдың нешінші желтоқсанында қабылданған?

3. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы қашан бекітілді?

4. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны 1992 жылдың нешінші желтоқсанында бекітілді?



Елтаңба

Әнұран

Конституция



## ДИАЛОГ

**272-жаттығу.** 1. Мәтінді оқып шығындар. Әрбір сөйлемнің алдына сызықша қойылғанын ескеріңдер.

— Жаңа ертегілерді қайдан оқып тұруға болады?

— Кітаптан.

— Кітапты қайдан аламын?

— Мектеп кітапханасынан ал.

— Онда болмаса қайтемін?

— Ендеше демалыс күні аудан орталығындағы кітап дүкенінен ізде.

— Жарайды. Дұрыс айттың.

2. Мәтіннен неше оқушының сөйлесіп тұрғанын байқадыңдар?

Екі немесе одан да көп адамның сөйлескен сөзін *диалог* дейміз.

Диалогқа қатысқан әрбір адамның сөзі алдынан сызықша (—) қойылып, бас әріппен жазылады.

**273-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына сызықша (—) қойып жазыңдар.

...Нұрлан, сенен бірдеңе сұрайын ба?

...Сұраңыз.

...Бағана атаңа көмектестің бе?

...Көмектестім.

...Апаңа ше?

...Апама да көмектестім.

...Міне, азамат!

(Ағира Хайдарова.)

2. Сұраулы сөйлемдердің астын сызыңдар.

3. Мәтінге тақырып ойлап табыңдар.



**274-жаттығу.** 1. Әріптердің тиістісін қойып, қатесіз көшіріңдер.

—  $\frac{\text{П}}{\text{В}}$  елосипедің қайда?

—  $\frac{\text{Ұ}}{\text{Ү}}$  йде.

—  $\frac{\text{К}}{\text{К}}$  оңырауы ше?

—  $\frac{\text{О}}{\text{Ө}}$  л да үйде.

—  $\frac{\text{Ш}}{\text{С}}$  ылдырлатуға жарай ма?

—  $\frac{\text{А}}{\text{Ә}}$  лбетте, жарайды.

2. Диалогтағы әр адамның сөзінен бұрын сызықша қойылатынын ұмытпаңдар.

**275-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді кезектесіп оқыңдар.

— Мынау төбе ме?

— Иә.

— Аты не?

— Бұл төбе «Шаш төбе» деп аталады.

— Неге «Шаш төбе» деп аталған?

— Шаш төбенің тұсына келгенде, күн нұрын аямай-ақ шашады екен.

Содан бұл төбе «Шаш төбе» атаныпты.

2. Әрбір сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылған?

3. Сұраққа жауап қайтарылған сөйлемдер қандай сөйлемдер?

**276-жаттығу.** 1. Кезектесіп оқыңдар.

— Ағай, мен екінші боп келдім.

— Неден?

— Жаяу жарыстан.

— Неше бала жарысып едіңдер?

— Болат екеуміз ғана!

*(Қ. Мырзалиев.)*

2. Сұраулы мағынамен айтылған сөйлемдердің астын сызыңдар.

3. Сан есімдерді теріп жазыңдар. Олар қандай сан есімдер? Осы мәтінде сөйлемнің неше түрі бар?

ағай

дос

дастарқан



## ЛЕПТИ СӨЙЛЕМ

**277-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

### КӨБЕЛЕК

Мен тимеймін, жасқанба!

Дос болайық, көбелек!



Жайнап тұрған бақшамда  
Гүлдерімді көре кет!

(Асқаржан Сәрсеков.)

2. Өлеңді көтеріңкі дауыспен оқыңдар.
3. Өлеңнің бірінші, екінші жолдарындағы ойдың көтеріңкі дауыспен айтылғанын аңғарыңдар.
4. Олардың соңына қандай тыныс белгісі қойылған?

Адамның көңіл күйін, сезімін білдіретін сөйлемдер *лепті сөйлем* болады.

Лепті сөйлемдер көтеріңкі дауыспен айтылады.

Лепті сөйлем аяқталған соң соңына леп белгісі (!) қойылады.

**278-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар.

МАМАМ

— Болар күнде алаң  
Жанашыр кім саған?

— Мамам!

— Болсаң егер жаман,  
Кейитін кім саған?

— Мамам!

— «Боташым» дер саған  
Кім сүйікті адам?

— Мамам!

2. Жауап беріп тұрған баланың сөзін көтеріңкі дауыспен оқыңдар. Мамам сөзі қандай сұраққа жауап береді? Бұл сөзді буынға бөліп оқыңдар.





**279-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Алақай, «бестік» баға алдым! 2. Ой, тау жолы неткен қауіпті! 3. Сабыр, балам, бақырма! 4. Рақмет, досым, мың жаса!

2. Сөйлемдер қандай дауыспен айтылған?

3. Әрбір сөйлемнен соң қандай тыныс белгісі қойылған?

**280-жаттығу.** Төмендегі сөйлемдердің қандай мағына білдіретінін айтып, тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.

**Тәбетіңіз тәтті болсын!**

1. Ауыздарыңды жұмып шайнаңдар

2. Әбден шайнап жеңдер

3. Салфеткамен сүртініңдер

4. Төкпей-шашпай ішіңдер

5. Отырған орныңды, дастарқанды таза ұстаңдар

**281-жаттығу.** Сөйлемнің соңына тиісті тыныс белгісін қойып, көшіріп жазыңдар.


1. Мынау — біздің Азамат 2. Қисық қадам жасамаған дұрыс 3. Жақсыларды танып ал 4. Айналайын, паналата көрші



**282-жаттығу.** 1. Өлеңді оқыңдар.

**ТЕНТЕКТИҢ ТЕБІСІ**

Далбаң-далбаң доп тепті,  
Терезеге дөп тепті.



Далбаң-далбаң доп теппе!  
Терезеге дөп теппе!

(К. Әмірбеков.)

2. Екі өлеңді салыстырып оқығанда, қандай айырмашылықтарды байқадыңдар?

3. Тыныс белгілерінде айырмашылықтар бар ма?

**283-жаттығу.** 1. Хабарлы, сұраулы, лепті сөйлемдерді табыңдар.

### КӨК АЛМА

Тау ішінде көк алма  
Мұншама көп болар ма?  
Көктігіне қарамай,  
Үзе бердім жағалай.  
Мұрын жарып исі оның,  
Тойғанымша күйседім.  
Өткеннен соң сәл уақыт  
Мен байғұсты зарлатып,  
Сырқыратып тісімді,  
Бұрасын кеп ішімді!  
Өш алды өстіп көк алма,  
Мұндай кекшіл бола ма?

2. Әрбір сөйлемнен соң қандай тыныс белгісі қойылған?

**284-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып, керекті тыныс белгілерін қойып жазыңдар.

### ҚОЛҚА

Айна қылып қарайын,  
Атай, айды әперші



Мен өзим-ақ алайын,  
Жоғарырақ көтерші.

(Кәрім Сауғабаев.)

2. Өлеңді жаттап алыңдар.



## СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлемде белгілі сұраққа жауап беретін, өзара байланысты айтылып, белгілі мүшелік қызметте жұмсалатын сөз *тіркестерін сөйлем мүшелері* дейміз.

**285-жаттығу.** 1. Мына сөйлемдер неше сөйлем мүшесінен құралған?

1. Таң атты. 2. Төсек жиылды. 3. Бет-қол жуылды. 4. Тамақ ішілді. 5. Бой жылынды. 6. Балалар достасты.

2. Әр сөзге сұрақ қойыңдар.

3. Бірінші сөздің астын бір, екінші сөздің астын екі сызыңдар.

**286-жаттығу.** Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып жазыңдар.

1. ... тынды. 2. ... шықты. 3. ... жанды. 4. ... толқыды. 5. ... кісінеді.

Тиісті сөздер: күн, жел, теңіз, ат, шырақ.



**Сөйлем құрауға негіз болатын мүшелер — бастауыш пен баяндауыш.**

**Бастауыш пен баяндауыш — тұрлаулы мүшелер деп аталады.**

**287-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Сыртта қозылар маңырады. 2. Менің ағам — дәрігер. 3. Жаңбыр жауып тұр. 4. Асқар жылқысын жорғалатты. 5. Заводтан ұшақтар шығады. 6. Біздер оқимыз.

2. *Кім? кімдер? кімім? нелер?* деген сұрақтарға жауап беретін мүшелерді бір сызықпен, *неғылды? не істеді?* деген сұрақтарға жауап болатын мүшелердің астын екі сызыңдар.



## ТҰРЛАУЛЫ МҮШЕЛЕР

**288-жаттығу.** Сөйлем ішіндегі сұрақтардың орнына тиісті сөйлем мүшелерін қойып, сөйлемді толықтырып жазыңдар.

1. Еламан (қайда?) шықты. 2. Баласы (не істеді?) 3. Исмайыл (не?) жұлды. 4. (Қашан?) күн қыза түсті. 5. Асқар (қанша?) отырды. 6. Жұмабек (несін?) сүйеді.

Керекті сөздер: ойнады, мақтаға, аз, жалбыз, түске таяу, елін.

**Сөйлем мүшелері тұрлаулы, тұрлаусыз болып екіге бөлінеді.**

**289-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Ауылға Құлмахан ақын (кім?) келді.

2. Ақындар (кімдер?) ертең айтысады. Айтыс (не?) бізге өте ұнайды. 3. Айтыс өтетін ауыл үстінде құстар (нелер?) ұшып жүр.

2. Кім, не туралы айтылып тұрған сөздердің астын сызыңдар.

**290-жаттығу.** 1. Кім?, не? туралы айтылып тұрғанын білдіретін сөздердің астын сызып, үстіне сұрауларын қойып жазыңдар.

1. Балалар доп тепті.

2. Аққулар көлге қонды.

3. Қозы ойнақтады.

4. Мұрат ән салды.

2. Сөздердің мағыналық өзгешеліктеріне көңіл бөліңдер.



## БАСТАУЫШ

Сөйлемдерде ойдың негізі болатын мүшені *бастауыш* дейміз. Бастауыш болатын сөзге кім? не? кімдер? нелер? деген сұрақтар қойылады. Мысалы: — Абай — ұлы ақын. — Кім ұлы ақын? — Абай. — Трактор жер жыртты. — Не жер жыртты? Трактор. — Мақташылар мақта терді. — Кімдер мақта терді? — Мақташылар.

**291-жаттығу.** Кестені оқыңдар.

<b>Сұрақтары</b>	<b>Сөйлемдер</b>
Кімдер?	Мектепке студенттер келді. Олар оқушыларға сабақ өтті.
Нелер?	Аққулар — киелі құстар. Олар тек қана жақсылық тілейді.
Кім?	Ілияс — жақсы бала. Ол тәртіпсіздік жасамайды.
Не?	Тышқан жем көрді. Ол бәрібір мысықтан қорқады.

Мектепке студенттер келді. Мектепке кімдер келді? — студенттер, бастауыш, кімдер? деген сұраққа жауап береді.

**292-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті бастауыштарды қойып, көшіріп жазыңдар.

- |                  |                   |
|------------------|-------------------|
| 1. ... сілкінді. | 5. ... ұшты.      |
| 2. ... ашылды.   | 6. ... ән салды.  |
| 3. ... ойнады.   | 7. ... күлімдеді. |
| 4. ... үрді.     | 8. ... туды.      |

Үлгі: Шымшық шырылдады.

2. Бастауыш болатын сөздер: гүл, жер, ит, балалар, әнші, құс, ай, күн.

3. Бастауыштардың үстіне сұрақтарын жазыңдар.



**Кім?, кімдер?** деген сұрақтар адамдарға немесе адам орнына қолданылып, бастауыш болатын сөздерге қойылады.

**Не?, нелер?** деген сұрақтар адамнан басқа бастауыш болатын сөздерге қойылады.

Бастауыштың белгісі — «—».

Бастауыш пен баяндауыш атау септігінде тұрса, бастауыштан соң сызықша қойылады.

Мысалдар:

1. Папам — қауыншы.
2. Мамам — сауыншы.
3. Ол — студент.

**293-жаттығу.** 1. Тиісті белгіні қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Мараттың ағасы — ұшқыш.
2. Ташкент — әсем қала.
3. Төле, Қазыбек, Әйтеке — атақты адамдар.
4. Шыршық — асау өзен.

2. Жазылған сөйлемдерді оқығанда, сызықша қойылған жерде кідіріс жасаңдар.

батыр

ұшқыш

күйші

**294-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Алма гүлдеді.
2. Күн ұясына батты.
3. Көбелек биік ұшты.

2. Тұрлаулы мүшелердің астын сызыңдар.



**Зат есім және зат есімнің орнына қолданылатын сөздер (мен, сен, ол, біз, т.б.) бастауыш болады.**

**Зат есім көбінесе бастауыш қызметін атқарады.**

**295-жаттығу.** 1. Мектеп өмірі жайындағы әңгімені осы қалпында оқып шығыңдар.

### САБАҚТА

(Кімдер?) мектепке жиналды. (Не?) соғылды.  
 (Кімдер?) сыныпқа кірді. (Не?) ашылды.  
 (Кім?) келді. (Кімдер?) орындарынан тұрды.  
 (Не?) басталды. Үйге берілген (не?) тексерілді.  
 (Кім?) тақтаға шықты. (Кім?) қолына бор алды.  
 (Кім?) сөйлемді жазды.

*(О. Байқуатовадан.)*

2. Сұрақтарға тиісті сөздерді тауып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

**296-жаттығу.** Төмендегі баяндауыштарды қатыстырып сөйлем құраңдар.

Айтты, тыраулады, шықты, күлімдеп тұр, сескенбеді.



### БАЯНДАУЫШ

**297-жаттығу.** Мына сұрақтарға жауап жазыңдар:

1. Жел қайтеді?
2. Дауыл қайтеді?



3. Найзағай қайтеді?
4. Қар қайтеді?
5. Жаңбыр қайтеді?

Керекті сөздер: жарқылдайды, жауады, соғады, тұрады, сіркірейді.

**298-жаттығу.** Сөйлемдерді оқыңдар. Қарамен жазылған сөздер қай мүшенің ісін, қимылын білдіріп тұрғанын айтыңдар.

1. Әсет су әкелді (неғылды?).
  2. Дәрігер науқасты емдейді (қайтеді?).
  3. Ол беті-қолын сүртті (неғылды?).
  4. Мемлекеттік ту желбіреді (қайтті?).
  5. У-шу басылды (неғылды?).
- Балалар серуенге барды (неғылды?).

**Бастауыштың ісі мен қимылын білдіретін сөздерді баяндауыш дейміз.**

**Баяндауышқа қайтті?, қайтеді?, неғылды?, неғылады?** деген сұрақтар қойылады.

**299-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Алма гүлдеді. 2. Күн ұясына батты. 3. Көбелек биік ұшты.

2. Баяндауыштардың үстіне сұрақтарын жазыңдар.

3. Бастауыштың астын бір рет, баяндауыштың астын екі рет сызыңдар.

**300-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. Трамвай қоңырауын шылдырлатты. 2. Жұрт орындарынан тұрды. 3. Бала шалдың трамвайдан

түсуіне жәрдемдесті. 4. Оқушылар соңғы сабаққа кірді.

2. Сөйлемдердің бастауышы мен баяндауышын тауып, астын сызыңдар.



## ТҰРЛАУСЫЗ МҮШЕЛЕР

Сөйлемде бастауыш пен баяндауыштан басқа да сөйлем мүшелері бар. Олар *тұрлаусыз мүшелер* деп аталады.

**301-жаттығу.** 1. 1-бағандағы сөйлемдер мен 2-бағандағы сөйлемдерді салыстырып оқыңдар.

1 - баған	2 - баған
Күн ашылды.	Бүгін күн ашылды.
Қозалар жайқалды.	Жазда қозалар жайқалды.
Ангрен — қала.	Ангрен — үлкен қала.
Бұлбұл сайрады.	Бақта бұлбұл көп сайрады.

2. Қандай айырмашылықты байқадыңдар?

**302-жаттығу.** Сөйлемдерді оқыңдар. Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қашан күн ашылды?
2. Ташкент қандай қала?
3. Бұлбұл қайда сайрады?

Тұрлаусыз мүшелер әр түрлі сұрақтарға жауап береді: *кімді?, нені?, қайда?, кімдерде?, нелерді?, қалай?, кімнің?, ненің?, кімге?, неге?, кімнен?, неден?, кіммен?, немен?*

**303-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына кімдер? нелер? деген сұрауға жауап беретін сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріп жазыңдар.

1. ... жақсы оқиды. 2. ... жарылайын-жарылайын деп тұр. 3. ... аспанда ұшып барады. 4. ... сайрап, ... шырылдады. 5. ... сиыр сауды. 6. ... күй тартты.

Керекті сөздер: қауындар, тырналар, оқушылар, шегірткелер, сауыншылар, бұлбұлдар, домбырашылар.

2. Сөйлемдегі тұрлаусыз мүшелердің астын сызыңдар.

**304-жаттығу.** 1. Өлеңді мәнерлеп оқыңдар да, көшіріп жазыңдар.

Данадай сөз бастаған,  
Алысқа көз тастаған,  
Ару қала — Тас қалам.  
Тас қала ғой бас қалам,  
Артық көрем басқадан!

(М. Омарұлы.)

2. Өлеңнен тұрлаусыз мүшелерді табыңдар.



## СӨЙЛЕМДЕГІ СӨЗДЕРДІҢ БАЙЛАНЫСЫ

**305-жаттығу.** 1. Мәтінді оқыңдар. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып айтып көріңдер.

Ташкентте әр түрлі ... бар. Онда ... оқиды. Жаздағы кіру ... сүрінбей өткен ... жастар білім алады. ... жақсы оқыса, әдепті болса және қоғам жұмыстарына белсене қатысса, көтерме сыйлық та ... .

... — он бір жылдан соң мен де университетке оқуға кіремін.

Тиісті сөздер: ұл-қыздар, университет, озат, емтихандарынан, он, алады, студенттер.

2. Әр сөйлемнің соңына қандай тыныс белгісі қойылған?

3. Көп нүктенің орнына қойылған сөздер қандай сұрақтарға жауап болады?

**306-жаттығу.** Кестедегі мысалдарды талдаңдар.

№	Мысалдар	Сұрақтары
1.	Сапарбай велосипедті жөндеді.	нені?
2.	Ғарышкер ғарышта жүр.	қайда?
3.	Ақыл — Әбдісәлидің інісі.	кімнің?
4.	Жаңбырлы көктем басталды.	қандай?

— Кім жөндеді?

— Сапарбай. Сапарбай — бастауыш, зат есім, атау септік.



- Сапарбай не истеди?
- Жөндеді, баяндауыш, етістік.
- Нені жөндеді?
- Велосипедті, тұрлаусыз мүше.

**307-жаттығу.** 1. Сөйлемдегі сөздердің байланысын сұрақ қою арқылы анықтаңдар.

Оқушылар сабаққа келді. Әсет су әкелді. Дәрігер науқасты емдеді. Балалар серуенге барды.

Үлгі:

- Кімдер келді?
- Оқушылар келді.
- Қайда келді?
- Сабаққа келді.

2. Зат есімдер мен (оқушылар, сабаққа) етістік (келді) байланысып тұрғанын байқаңдар.

**308-жаттығу.** Төмендегі сөздерді байланыстырып, сөйлем құраңдар.

1. Ана, тілің..., әрқашан, ардақта. 2. Кімде-кім, ана тілі..., құрмет, етсе, ешқашан, жаман, кем, болмайды. 3. Бұл, тіл... Абай, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Мұқағали, ақын... сөйлеген. 4. Қай, жер..., жүрсен, де, ана, тілің..., ұмытпа. 5. Ана, тілің..., өрісі..., кеңеюі..., жағдай, жаса.

Үлгі: 2. Кімде-кім ана тілін құрмет етсе, ешқашан жаман, кем болмайды.



## ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

**Сұраққа жауап беріңдер.**

1. Қазақ тілінде неше әріп бар?
2. Қазақ тіліне тән неше дыбыс бар?
3. Қазақ тілінде жалғаудың неше түрі бар?
4. Қазақ тілінде неше сөз табы бар?
5. Қазақ тілі қай елдерде оқытылады?
6. «Қазақ тілі» оқулықтарының авторы кім?
7. Ана тілің қай тіл?

**309-жаттығу.** Көп нүктенің орнына керекті әріпті қойып, сөздерді салыстырып оқыңдар.

**а — ә:**

...н...л...р  
...т...л...р  
...ғ...л...р  
...йд...й  
...сыл

...нші  
...сем  
...келік  
д...улет  
т...сіл

**ұ — ү:**

ж...мыс  
қ...йды  
...ста  
с...р  
...р

к...міс  
к...йді  
к...ресті  
с...р  
...р

**о — ө:**

қ...тар  
...тын  
...шақ  
...р

к...тер  
...тін  
...сек  
...р

**ы — і:**

..с  
т...с  
құл...п  
ұш...н

...с  
т...с  
күл...п  
ұш...н.



**310-жаттығу.** 1. Өлеңді асықпай, мәнерлеп оқыңдар.

### ҰЛПА ҚАР

Түйіршігі үлбірек,  
Бұл жеп-жеңіл үлпек қар,  
Көшелерге бір-бірлеп,  
Серуендеуге күнде бар.

*(М. Әлімбаев.)*

2. Өлеңде жылдың қай мезгіліндегі оқиға суреттеліп тұр.

3. Алдымызда жылдың қай мезгілі тұр?

4. Өлеңнен зат есім тудыратын бір жұрнағы бар сөзді табыңдар.

**311-жаттығу.** 1. Сөйлемдерді оқыңдар.

1. Кітап...дан «Ата-баба мұрасы» атты кітап алып оқыдым. 2. Апамның қолында түйін... бар. 3. Ініңе де наннан қал.... 4. Кітабыма көрім... бер. 5. Итке үй... жасадық. 6. Кіп-кішкентай болсам да, жаңа түскен үп-үлкен келін... маған иіліп сәлем салды.

Тиісті жұрнақтар: -шек, -шік, -дық, -шек, -хана, -дыр, -дік.

2. Тиісті жұрнақтарды көп нүктенің орнына қойып, сөйлемдерді қатесіз көшіріңдер.

3. Сөздің мағынасындағы өзгерістерді жасап тұрғандар қай жұрнақтар?



**312-жаттығу.** 1. «Ойлап тап» ойыны. Төмендегі заттың сынын білдіретін сөздерге жақша ішіндегі зат есімдердің лайықтысын тіркеп жазыңдар.

Дұрыс емес:	Дұрыс:
1. Өнерпаз (ойлар). 2. Басыңқы (қойлар). 3. Сөзшең (құстар). 4. Түйінді (балалар). 5. Жайдары (сөйлемдер). 6. Сайрағыш (кісілер).	

2. *Ойлар, қойлар, құстар, балалар, сөйлемдер, кісілер* сөздерін буынға бөліп жазыңдар.

3. *Ой, қой* деген сөзге *-лар, -лер* жалғауларының жалғану себебі неде?

4. Құстар сөзіне *-тар* жалғауының жалғану себебін айтыңдар?

**313-жаттығу.** 1. Өлеңді оқып, сөздердегі көптік жалғауларын бөліп жазыңдар.

Шекарада күзетте  
 Қас қақпайды ағалар.  
 Балбыраймыз төсекте  
 Біз — алаңсыз балалар.

(М. Әлімбаев.)

2. Өлеңнің алғашқы дыбыстары қандай дауыссыздар?

**314-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып көшіріңдер.

Раз...езд. ...абрика. Авиа...ия. Теле...он. Шо...ер. А...томат. Ры...аг. Порт...ель. Ла...ка. Ведо-



мост... . Гра...ин. Клу... . Педаго... . Уста... .  
Заво... .

2. Бұл сөздердің қандай сөздер тобына жататынын айтыңдар.

**315-жаттығу.** Төмендегі сөздерді оқып, олардың қандай сөздер екенін анықтаңдар да, оларға жалғау жалғаңдар. Жалғаулардың жалғану ерекшеліктерін орфографиялық сөздіктеріңе қарап, біліп алыңдар.

Прогресс, проект, пункт, гармонь, геолог, грамм, грипп, госпиталь, диалог, пианист, радист, рояль, ромб, телефонист, трест, турист, цирк, циркуль, санаторий, шрифт, очерк.



**316-жаттығу.** 1. Жалқы есімдердің астын сызыңдар.

### БЕКТЕНБЕК

Мынау — біздің Бектенбек,  
Аузы-басы көкпеңбек.  
Сиқын көріп сабаздың,  
Үркіп-шошып кеткен көп...  
Берекесіз Бектенбек,  
Оған айтар өкпем көп.  
Бояушы емес, сыршы емес,  
Аузы неге көкпеңбек?

*(Оспанхан Әубәкіров.)*

2. *Ы* деген қандай жалғау? Ауыз деген түбір сөздегі *ы* неге түсіп қалды?

3. Жалқы есім сөздері қалай жазылады?

**317-жаттығу.** Жіктелген етістіктерді табыңдар.

### ДОСЫМ ЕКЕУМІЗ

Шекіссек те екеуміз,  
Үйге жылап қайтпаймыз.  
Сөзімізге бекембіз,  
Апамызға айтпаймыз.

*(Қ. Мырзалиев)*

**318-жаттығу.** 1. Өлеңді үш оқушы бір шумақтан мәнерлеп оқыңдар.

### АҒАЙЫНБЫЗ БӘРІМІЗ

Жақсылыққа, бақытқа  
Талпынған әр уақытта,  
Бала біткен дос, бауыр,  
Болмасын еш тосқауыл.

Ақпыз, қара, сарымыз,  
Ағайынбыз бәріміз.  
Ортақ болсын асқар тау,  
Жеміс толы бақша-бау.

Болсын жер мен су да ортақ,  
Болсын бәрі бізге ортақ.  
Ақпыз, қара, сарымыз,  
Ағайынбыз бәріміз.

*(Ә. Дүйсенбиев.)*

2. Осы өлеңнің мазмұнын мазмұндап беріңдер де, «Ағайынбыз бәріміз» деген тақырыпта мазмұндама жазыңдар.



**319-жаттығу.** 1. Көп нүктенің орнына тиісті сөздерді қойып, сөйлемдерді көшіріңдер.

- |                |               |
|----------------|---------------|
| 1. ... қыз.    | 2. ... ұл.    |
| 3. ... адам.   | 4. ... кісі.  |
| 5. ... жылады. | 6. ... күлді. |

Тиісті сөздер: әдепті, тәртіпті, жалқау, еріншек, сәби, бөбек.

2. Осы сөйлемдер қай мақсатта айтылған сөйлемдер?

3. Осы сөйлемдерді сұраулы сөйлемге айналдырыңдар.

**320-жаттығу.** 1. Өлеңді көшіріп жазыңдар. Өлең жолдары қай әріптен басталушы еді, соны ескеріңдер.

### ҚОШ БОЛ, МЕКТЕП!

Бірдей біздің ойымыз да сырымыз,  
Бір мектептің ұлы менен қызымыз.  
Бірдей өстік оқуда да, еңбекте,  
Күліп-ойнап бірімізбен-біріміз.

(Н. Әлімқұлов.)

2. Қай сөздерде тәуелдік жалғаулары бар?
3. Қай сөздерде жатыс септік жалғаулары бар?
4. Өлеңді жаттап алыңдар.



## МАЗМУНЫ

### ГҮЛДЕНИП, КӨРКЕЙЕ БЕР, СҮЙІКТІ ӨЗБЕКСТАН!

Дыбыс пен әріп, сөз және сөйлем.....	4
Дауысты дыбыстар .....	6
Буын .....	7
Тасымал.....	9
Дауыссыз дыбыстар .....	10
Ұ, Ү, У әріптерінің емлесі .....	11
Е, Э әрптерінің емлесі .....	13
Ё әрпінің емлесі .....	15
В әрпінің емлесі .....	16
Ф әрпінің емлесі .....	18
Х әрпінің емлесі .....	20
Һ әрпінің емлесі .....	22
Ч әрпінің емлесі .....	24
Щ әрпінің емлесі .....	25
Ц әрпінің емлесі .....	26
Жіңішкелік белгісі (ь) мен айыру белгісі (ъ).....	27

### СӨЗ

Сөз және сөз құрамы.....	28
Түбір мен қосымша .....	30
Түбір сөздер .....	32
Қосымша .....	34

Туынды сөз.....	37
Жұрнақ пен жалғау.....	38
Сөз мағынасы.....	40

## СӨЗ ТАПТАРЫ

Зат есім .....	43
Негізгі және туынды зат есімдер .....	49
Зат есімнің жекеше және көпше түрі .....	51
Жалқы есім мен жалпы есім .....	54
Зат есімнің тәуелденуі.....	59
Зат есімнің септелуі туралы түсінік .....	65
Атау септік .....	70
Ілік септік.....	72
Барыс септік .....	73
Табыс септік .....	75
Жатыс септік .....	77
Шығыс септік.....	78
Көмектес септік .....	80
Зат есімнің жіктелуі .....	82
Сын есім .....	86
Негізгі сын есім .....	88
Туынды сын есім .....	89
Сан есім .....	92
Етістік .....	98
Болымды және болымсыз етістіктер .....	103
Негізгі және туынды етістіктер .....	105
Сөз таптары бойынша өткенді қайталау .....	108

## СӨЙЛЕМ ЖӘНЕ СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

Сөйлем.....	112
Хабарлы сөйлем .....	114
Сұраулы сөйлем .....	115
Диалог .....	117

Лепті сөйлем .....	119
Сөйлем мүшелері.....	123
Тұрлаулы мүшелер .....	124
Бастауыш .....	125
Баяндауыш .....	128
Тұрлаусыз мүшелер .....	130
Сөйлемдегі сөздердің байланысы .....	132
Жыл бойы өткенді қайталау .....	134

О-58 **Ана тили.** Жалпы орта білім беретін мектептердің 3-сыныбына арналған оқулық. // М. Омарұлы, Г. Нишанова, Р. Өсерова/ 6-басылымы. –Т.: «O‘zbekiston», 2016. –144 б.  
ISBN 978-9943-01-282-0

**УЎК 811.512.122(075)  
372.881.1(075)  
КБК 81.2 (5Каз)-2-92**

*O‘quv nashri*

**Mahkamboy O‘maro‘g‘li, Gulnora Nishanova,  
Rabiya Userova**

**ONA TILI**

*Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining 3-sinfi uchun darslik*

*6-nashri*

*(qozoq tilida)*

Original-maket «O‘zbekiston» nashriyot-matbaa ijodiy uyida tayyorlangan,  
100011, Toshkent, Navoiy ko‘chasi, 30

Редактор *Г. Әмірқызы*  
Көркемдеуші редактор *О. Фазылов*  
Техникалық редактор *Б. Каримов*  
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158.14.08.2009.  
Басуға 2019 жылы 24 январьда рұқсат етілді. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>.  
Гарнитурасы «FK Helvetica». Кеглі 14, 12. Офсеттік қағаз.  
Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 10,53.  
Есепті баспа табағы 6,13. Таралымы дана.  
Тапсырыс № .

Өзбекстан Баспасөз және ақпарат агенттігінің  
«O‘qituvchi» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
Юнусабад, Янги шахар көшесі, 1.

## Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап сызылған, шеттері мүжілген, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.